

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫҚ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

ЖОЛДАСБАЕВ ДАНИЯР НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Адалдыққа тексеруді (Integrity check) енгізудің теориялық және
практикалық мәселелері

7M04203 «Құқықтану» (ғылыми-педагогикалық бағыт)
білім беру бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі
дәрежесін алуға диссертация

Ғылыми жетекші:
Жоғары оқу орнынан кейінгі
білім беру институтының
Жалпы заң пәндері кафедрасының
профессоры А.Ш. Ещанов
заң ғылымдарының докторы,
профессор, аға әділет кеңесшісі

Қосшы қ., 2024 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Магистрлік диссертацияда Integrity Check механизмінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрал ретіндегі тиімділігін қарастырады. АҚШ, Ұлыбритания, Сингапур және басқа елдердің тәжірибесі негізінде оның құқықтық және этикалық аспектілері талданды.

Жұмыс барысында бұл тетікті Қазақстанда енгізу үшін құқықтық негіздерді нақтылау, халықаралық стандарттарды сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау және қоғамдық бақылауды күшейту ұсынылады. Integrity Check тиімді болуы мүмкін, бірақ оны қолдану құқықтық және этикалық шектеулерді ескеруді талап етеді.

РЕЗЮМЕ

В магистерской диссертации рассматривается эффективность механизма Integrity Check как средства противодействия коррупции. На основе опыта США, Великобритании, Сингапура и других стран были проанализированы его правовые и этические аспекты.

В ходе работы предлагается уточнить правовые основы для внедрения этого механизма в Казахстане, соблюдать международные стандарты, а также защиту прав граждан и усиление общественного контроля. Integrity Check может быть эффективным, но его использование требует учета юридических и этических ограничений.

SUMMARY

The master's thesis examines the effectiveness of the Integrity Check mechanism as a means of combating corruption. Based on the experience of the USA, Great Britain, Singapore and other countries, its legal and ethical aspects were analyzed.

In the course of the work, it is proposed to clarify the legal framework for the implementation of this mechanism in Kazakhstan, comply with international standards, as well as protect citizens' rights and strengthen public control. Integrity Check can be effective, but its use requires consideration of legal and ethical constraints.

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4 бет.
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5 бет.
КІРІСПЕ	6 бет.
1. АДАЛДЫҚҚА ТЕКСЕРУДІҢ (INTEGRITY CHECK) ТЕОРИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1. Адалдыққа тексеру (integrity check) институтын ретроспективтік талдау.....	
1.2. Адалдыққа тексеруді (integrity check) регламенттейтін халықаралық құқықтық база.....	
2-ТАРАУ. АДАЛДЫҚҚА ТЕКСЕРУДІ (INTEGRITY CHECK) ЕНГІЗУДІҢ ПРАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	
2.1. Адалдыққа тексеруді (integrity check) жүзеге асыратын халықаралық тәжірибедегі тиімді тетіктер.....	
2.2. Қазақстан Республикасында адалдыққа тексеруді енгізуге бағытталған шаралар мен оның келешегі.....	
ҚОРЫТЫНДЫ.....	
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	
ҚОСЫМШАЛАР.....	

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылған:

«Қазақстан Республикасының Конституциясы»;

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі»;

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі»;

«Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«Жедел іздестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ҚПК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі
СЖҚА	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі
ІІМ	Ішкі істер министрлігі
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
СРІВ	Corrupt Practices Investigation Bureau
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы
NYPD	Нью-Йорк Полиция департаменті
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
АМІ	Аса маңызды істер

КІРІСПЕ

Жүргізілетін зерттеудің өзектілігі. Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының тұрақты және тиімді жұмыс істеуі – конституция талаптарын қорғаудың, заңдылықты және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің, адам мен азаматтың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың қажетті шарты болып табылады.

Осы орайда, сыбайлас жемқорлық пен құқық қорғау қызметкерінің заңсыз қызметінің басқа түрлері мемлекеттік аппараттың тиісті жұмыс істеуіне нұқсан келтіреді.

Кез-келген қоғамда мемлекеттік аппарат, оның ішінде құқық қорғау қызметі қылмыстық сот төрелігі үшін өте маңызды. Құқық қорғау органдары ішкі қауіпсіздікті қорғау, тәртіпсіздіктерді бақылау және достық пен қоғамдық сенімді нығайту үшін жергілікті тұрғындармен өзара әрекеттесу бойынша кең ауқымды өкілеттіктерге ие [1].

Осы кең ауқымды міндеттен басқа, олардың негізгі құндылықтары адам құқықтарын құрметтеу, қоғамаралық қатынастар және заңның үстемдігін сақтау болып табылады.

Тіпті жоғары индустриалды қоғамдарда да адам құқықтарының бұзылуы, қылмыстық қудалау органдарының қатыгездігі, лауазымдық қылмыстар, сондай-ақ аталған жүйедегі сыбайлас жемқорлық пен қылмыс әлі де болуы мүмкін және олар ашылған кезде қылмыстық қудалау органдарына деген сенімге нұқсан келтіруі мүмкін.

Әлсіз есеп беру шаралары сыбайлас жемқорлықтың негізгі себебі болып табылады. Мәселен, шетелдік ғалымдардың пікірінше, полиция қызметкерлері тергеуге алынған немесе теріс қылықтары үшін жазаланған кезде сыбайлас жемқорлықтың азаюы мүмкін. Керісінше, лауазымдық қылмыстар немесе басқа мінез-құлық бұзушылықтар үшін жауаптылыққа тартылмаса, сыбайлас жемқорлық көрінісінің күшейетіні анық [2].

Құқық қорғау органдарының тарихы дәлелдегендей, бұл қызмет – заңсыз әрекеттерге мүмкіндік беретін сала. Құқық қорғау органдарының қызметі – бұл әдетте жеке жағдайда, басшылардың назарынан тыс және көбінесе сенімсіз деп саналатын куәгерлердің қатысуымен жүзеге асырылатын өте дискрециялық, мәжбүрлі әрекет.

Ал сыбайлас жемқорлық, яғни құқық қорғау қызметінің өкілеттіктерін өзімшілдік мақсатта теріс пайдалану – ерекше проблема тудыратын заңсыз әрекеттердің бірі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қиындықтарын бірнеше факторлармен түсіндіруге болады:

- қызметкерлердің әріптестерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттері туралы хабарлағысы келмеуі;

- басшылықтың өз ведомстволарында сыбайлас жемқорлықтың бар екенін мойындағысы келмеуі;

- жауаптылыққа тартылатын тараптар үшін сыбайлас жемқорлық мәмілесінің пайдасы;

- сыбайлас жемқорлықтың тікелей құрбандарының болмауы;

- сыбайлас жемқорлық көрінісі туралы хабарламау және т.б.

Осы орайда, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында, мемлекет тарапынан қабылдауға қажетті шаралар тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Сонымен қатар жүргізілетін зерттеу тақырыбының шеңберінде парасаттылыққа тексерумен байланысты мәселелерді зерделеу, соның ішінде тестілеу барысында заңдылықты сақтауды күшейту, озық шетелдік тәжірибені енгізу және қазақстандық үлгіге жарамды ұсыныстар әзірлеу көзделіп отыр.

Шешілетін ғылыми проблеманың қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оларды түп-тамырымен жою, салдарын болдырмау мақсатында, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 жарлығында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы жарияланды.

Онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру, тәрбиелеу және білім беру шараларын жүйелеу, мемлекеттік аппарат пен бизнес-қоғамдастық өкілдерін парасатты мінез-құлыққа ынталандыру арқылы сыбайлас жемқорлықты мүлдем қабылдамауға қол жеткізілетіндігі көзделген [3].

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың ішінде, ықтимал сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінен қоғамға келтірілетін залалды болғызбай, жосықсыз қызметшілерді уақтылы анықтауға және жұмыстан босатуға мүмкіндік беретін парасаттылыққа тексеруді (integrity check) енгізудің тетіктерін әзірлеу қажеттігі туралы міндет көзделген.

Парасаттылық, әдептілік, адалдық атаулары мән-мағынасы жағынан өте ұқсас ұғымдар. Парасаттылық – адамды сырттан бағалау, өзгелердің көзқарасы деп түсінуге болады. Мысалы, отбасы тірегі (әке) іс жүзінде жұртшылыққа беймәлім адам бола алады, ал лайықты адам ешқашан ешкімге, оның ішінде өзіне де, тіпті жағымсыз салдарға да әкелуі мүмкін абыройсыз әрекет жасамайды.

Қоғамдық позициядан шыққан парасатты азамат – қоғамның сенімді және заңға бағынатын мүшесі болып саналады.

Парасаттылық жеке тұлғалық сапа ретінде – қоғам тарапынан өзінің өмір салты мен жеке тұлғаның ізгілік қасиеттері үшін әрқашан өте оң баға алу қабілеті, ал парасаттылық – рухани тазалық.

Әдептілік – бұл сөзбен де, іспен де, оймен де, ешкімге, ешқашан, ешбір жағдайда зиян келтірмеу қабілеті.

ҚР қолданыстағы заңнамасында парасаттылыққа тексеруді жүргізу тетігі (Integrity check) көзделмеген.

2023 жылдың басында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі «Кәсіби парасаттылыққа тестілеу туралы» ҚР заңы жобасына реттеушілік саясатының консультативтік құжатын әзірледі [4].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың алдын алу шаралары жүйесіне парасаттылыққа тексеруді (Integrity check) енгізу тиімділігі жоғары және уақытылы шешім болып табылады.

Бұл тексеру мемлекет пен халықтың мүдделеріне ықтимал залалдың алдын алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ аталған институтты енгізу мемлекеттік аппараттың сапалы құрамдас бөлігін жақсартуға және азаматтардың сенімін арттыруға ықпал ететін болады.

Мәселен, парасаттылыққа тексеру «Integrity check» алғаш рет АҚШ (1994ж.), Австралия (1996ж.), Ұлыбритания (1999ж.) полиция органдарында енгізілді.

Сонымен бірге 2009 жылдан бастап бұл институтты Румынияда (полицияда) және Чехияда (қауіпсіздік органдарында) енгізді. Мемлекеттік қызмет саласында практика Грузияда (2003 ж.), Венгрияда (2012 ж.), Молдовада (2013 ж.) кең таралған. Тексеру құқық қорғау немесе арнайы органдар туралы заңдармен (Австралия, Чехия) немесе жеке заңмен (Молдова) бекітілген.

Жоғарыда мазмұндалғанға байланысты зерттеу тақырыбы өте өзекті әрі оның өз шешімін табу осы саладағы құқықтық қатынастар үшін маңызды болып табылады.

Оған қоса Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын, сондай-ақ әзірленген заңнама жобасының төңірегінде мемлекет саясатын іске асыру үшін, мемлекеттік қызметкерді парасаттылыққа не адалдыққа тексеру (Integrity check) тетігін енгізуді теориялық және практикалық тұрғыдан қарастыру қажеттілігі туындап отыр.

Магистрлік жобаның мақсаты. Адалдыққа тексеруді (Integrity check) енгізудің теориялық және практикалық мәселелерін жүзеге асыру барысында кездесетін проблемаларды шешу жолдарын қарастыру, заң нормаларына қажетті өзгерістер енгізу.

Зерттеу міндеттері:

- адалдыққа тексеруді (Integrity check) енгізудің теориялық және практикалық мәселелерін бастауда ұйымдастыру проблемаларын айқындау;
- адалдыққа тексеруді (Integrity check) енгізудің теориялық және практикалық мәселелерін ұйымдастырудағы практикасын зерделеу;
- адалдыққа тексеруді (Integrity check) енгізуде ұйымдастырушылық және құқықтық механизмін зерттеу және оларды жетілдіру ұсыныстарын әзірлеу;
- адалдыққа тексеруді (Integrity check) енгізудің ережелерін бұзу фактілерінің анықталу механизмін зерттеу, теориялық және практикалық анықтау-бекіту әдістерін зерттеу, проблемаларын анықтау және оңтайлы шешу жолдарын ұсыну.

Зерттеу объектісі адалдыққа тексеруді (Integrity check) енгізудің теориялық және практикалық мәселелерін ұйымдастырудағы құқықтық қатынастар болып табылады.

Зерттеу пәні қылмыстық, әкімшілік заңнама нормалары, халықаралық құжаттар және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды регламенттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ зерттелетін саладағы мемлекеттік органдардың құқық қолдану қызметі болып табылады.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдіснамалық негіздері. Зерттеудің әдіснамалық базасы (қолданатын әдістер) жалпы ғылыми диалектикалық әдісті, сондай-ақ объективті шындықты танудың жеке арнайы ғылыми әдістерін қоса алғанда, жалпы және жеке әдістердің жиынтығы болып табылады.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Зерттеудің нормативтік базасын ҚР-ның Конституциясы, Қылмыстық кодекс, Қылмыстық-процесстік кодекс, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң, мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әдеп көдекстері және т.б. ведомстволық нормативтік-құқықтық актілер.

Зерттеудің теориялық негізін мемлекет және құқық теориясы, әкімшілік құқық, қылмыстық құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері мен дәлелдері.

Зерттеу тақырыбының ғылыми әзірлену дәрежесі – мемлекеттік қызметкерді парасаттылыққа не адалдыққа тексеру (Integrity check) мәселелері бойынша отандық құқықтану ғылымында монографиялық деңгейде зерттелмеген деп айтуға болады. Мысалы, А.Н. Ағыбаев, С.Ж. Бекішева, И.Ш. Борчашвили, Ұ.С. Жекебаев, Е.І. Қайыржанов, Р.Т. Нұртаев, С.М. Рахметов, А.А. Смағұлов, Ш.Ш. Шаяхметов және басқа да көптеген ғалымдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесін жалпылап қарастырады. Е.С. Кемали, Ж. Құмарбекқызы, Ж.А. Мамитова өздерінің диссертациялық жұмыстарында зерттелеген. Бұл диссертациялардың барлығы дерлік сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің нақты салаларын зерттеуге арналған, сондықтан ол осы зерттеудің негізі ретінде қолданылады.

Сонымен қатар, зерттеудің эмпирикалық базасы ретінде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің электрондық порталынан алынған статистикалық мәліметтер, Қазақстан Республикасы сот органдарының электрондық сервистерінен алынған сот актілері пайдаланылды. Эмпирикалық материалдар дәлелді және негізді қорытындылар жасауға және ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берді.

Зерттеу кезеңдері адалдыққа тексеруді (Integrity check) енгізудің теориялық және практикалық мәселелері бойынша отандық және шет елдердің ғылыми-құқықтық әдебиеттерін зерделеуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасында енгізуге боларлық тәжірибені талдауды қамтыды.

Қорғауға шығарылатын ережелер:

1. «Халықаралық тәжірибе, оның ішінде сот тәжірибесі мен ұсынымдар парасаттылықты тексеру кезінде этикалық және құқықтық нормаларды қатаң сақтау қажеттілігін көрсетеді. Қазақстандық тәжірибеде қолданылатын кейстерде арандату және азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзу белгілері бар. Осыған байланысты, арандатушылықты болдырмауға және адам

құқықтарын сақтауға мүмкіндік беретін тексерулер жүргізу үшін ашық заңнамалық негіз әзірлеу маңызды» [5].

«Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау, оның ішінде заңдылық, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, объективтілік, тексерілетін адамдарға бейтарап және әділ қарау, алынған мәліметтердің құпиялылығы сияқты қағидаттарды міндетті түрде сақтау қажет бұзуды және арандату болмауы тиіс» [5].

2. «Integrity Check енгізетін елдер тексерулерді жергілікті заңнамаға бейімдей отырып, өздерінің құқықтық жүйесінің ерекшеліктерін ескеруі керек. Қазақстандық мысалда көрсетілгендей, тексеру үлгісін енгізу теріс пайдаланудың алдын алу және парасаттылыққа тексерудің ашық және басқарылатын құрылымын құру үшін заңнамалық бекітуді талап етеді» [5].

3. «Парасаттылықты тексеруді бастамас бұрын қызметкерлерді оқыту, тексерушілерді арнайы даярлау және нақты сценарийлерді құру негізсіз тексерулерден аулақ болуға және объективті бағалауға ықпал етеді. Мысалы Молдовада парасаттылыққа тексеруді бастамас бұрын Ұлттық сыбайлас жемқорлыққа қарсы орталық 500-ге жуық тренинг өткізген» [5].

4. «Жасырын тексерулердің оң әсері сыбайлас жемқорлықтың төмендеуіне ғана емес, сондай-ақ қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтуға да әсер етеді. Оған қоса, зерттеу барысында келесі маңызды бағыттарды:

- құқық қорғау органдары қызметкерлерін парасаттылыққа тексеруді жүзеге асыра отырып, олардың әлеуметтік-құқықтық қорғауды;

- сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарды тергеп-тексеру мақсатында, жедел деректерді стратегиялық талдау және тәуекелдерді зерделеу арқылы интегрити чек процесін күшейтуді қамтамасыз ету қажет» [6].

Апробация және нәтижелерін енгізу.

Диссертацияда ұсынылған негізгі ережелер:

1. «Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика» VII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда (2024 жылғы 12 сәуір, Құқық

қорғау органдары академиясы) «Адалдыққа тексеруді (integrity check) енгізудің теориялық және практикалық мәселелері» атты баяндама арқылы апробацияланды;

2. «Құқық қорғау органдары академиясының жаршысы» ғылыми журналында (№4 (34) 2024) «Парасаттылықты жасырын тексеру (integrity check) сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрал ретінде: халықаралық тәжірибе және енгізу перспективалары» атты ғылыми мақалада жарық көрді.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелері: Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің қызметіне (қосымша 1) тағылымдама шеңберінде және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің практикалық қызметіне өткізілген жиналыс аясында талқыланып, қолдау тапты (қосымша 2). Онда келтірілген ережелер мен ұсыныстар «Кәсіби парасаттылыққа тестілеу туралы» Қазақстан Республикасының заңы жобасында ескерілуі және парасаттылықты жасырын тексеру (integrity check) қолдану аясын кеңейту үшін маңызды болуы ықтимал.

Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің практикалық қызметіне қолданылады (қосымша 2).

Аталған магистрлік диссертация Қазақстандағы осы тақырып бойынша алғашқы, мемлекеттік тілдегі зерттеу болып табылады және болашақта осы мәселе жөнінде зерттеулерге, ғылыми жұмыстарға белгілі бір үлес қосады деп пайымдаймыз.

Бұл диссертациялық зерттеу жалпы заң пәндері кафедрасында орындалды. Оның құрылымы кіріспеден, екі бөлімнен, төрт бөлімшеден, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

1. Адалдыққа тексерудің (integrity check) теориялық-құқықтық негіздері

1.1. Адалдыққа тексеру (integrity check) институтын ретроспективтік талдау

Мемлекеттік басқару және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат саласындағы қазіргі заманғы сын-қатерлер мемлекеттік қызметшілердің жосықсыз мінез-құлқын бағалау және алдын алу үшін тиімді құралдарды енгізу қажеттігін негіздеді.

Осындай құралдардың бірі адалдықты тексеру (integrity check) болып отыр. Зерттеу жұмысымызда кейде «адалдық», кейде «парасаттылық» деп қолданамыз. Себебі заң шығарушы билік қарастырып отырған заңнама жобасында «парасаттылық» деп көзделгенмен, ғалымдардың арасында және карапайым халықтың арасында «адалдық» деген қолдану да бар.

Осы институттың пайда болуы, шығу тарихы мен мәні туралы түрлі тарихи деректер де, ғалымдар да сыр шертеді.

Мемлекеттік қызметшілердің адалдығы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті – кез келген мемлекеттің тұрақтылығы мен тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі екенін тағыда айта кету керек. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, «integrity check» жүйесінің қалыптасуы әр елдің тарихи, саяси және құқықтық ерекшеліктеріне сәйкес әртүрлі жолмен дамып келген.

«Парасаттылық» ұғымы Ежелгі Греция мен Римнің философиялық және құқықтық ілімдерінен бастау алады.

Мұнда азаматтың ізгі мінез-құлқы оның моральдық тұрақтылығымен, адалдығымен және қоғамдық игілікке берілгендігімен байланысты болды. Алайда, мемлекеттік басқаруда парасаттылықты бағалаудың институттандырылған тетіктері әлдеқайда кешірек қалыптаса бастады.

Сонымен бірге рим құқығындағы қағидалар да осы адалдықты көрсетеді. Ғалымдардың пікірінше, мысалы, «Fidem sequi (habere)» деген қағида «біреудің міндеттемеге адалдығына сену» мағынасында «сенім арту» дегенді білдіреді.

Бұл «bona fides» ұғымына сәйкес келеді, яғни келісімшарттың нормативтік негізі болып табылады.

Сондай-ақ, Рим құқығында арнайы тапсырма шарты (mandatum) ретінде реттеуді алған бір тараптың қызметтердің немесе жұмыстың екінші тараптың пайдасына өтеусіз орындалуын атап өтуге болады. Тапсырма шарты біржақты болған. Өтеусіз талап оның басты анықтайтын қасиеті болды: «төлем тапсырманы бұзады» [7, 160 б.].

Осы шартқа сәйкес, бір тарап өз пайдасына іс-әрекеттерді орындау туралы біраз тапсырма береді, ал екінші тарап бұл міндеттерді көмек немесе «сауда айналымының әдет-ғұрыптары» үшін қабылдайды деп болжанған.

Яғни, халық аузындағы «келісім-шарт – ақшадан да қымбат» деген нақылдың көрінісі. Тиісінше, мемлекеттік қызметкер қызметке түсер алдында мемлекетке адал болуға, сеніп тапсырылған міндеттерді орындауға міндеттенеді, яғни уәде береді. Ал оның осы міндеттемелерді сақтауы, оны бұзбауы және заңға қайшы әрекеттер жасамауы тікелей integrity check институтының басты қағидаттары деп ұғынуға болады.

Ежелгі Қытайда мемлекеттік қызметке іріктеу жүйесі мыңжылдық тарихқа ие. Ежелгі Кэцзюй емтихан жүйесі – әлемдегі алғашқы мемлекеттік кадрлық сынақ үлгілерінің бірі болып есептеледі.

Қытайдағы мемлекеттік қызметке іріктеу жүйесі – әлемдегі ең көне және ықпалды кадрлық іріктеу жүйелерінің бірі болып табылады. Бұл жүйе алғаш рет Суй әулеті кезінде (581–618 жж.) енгізіліп, Тан (618–907 жж.) және Сун (960–1279 жж.) әулеттері кезінде кеңінен дамыды. Кэцзюй (科举) деп аталатын бұл жүйе үміткерлердің білім деңгейі мен моральдық сапасын бағалауға бағытталған болатын [8].

Ғалымдар өз зерттеулерінде Кэцзюй жүйесі үміткерлердің тек білімін ғана емес, сонымен қатар олардың моральдық сапаларын да бағалауға бағытталғанын көрсетті. Бұл жүйе меритократиялық қағидатқа негізделіп, мемлекеттік қызметке тек лайықты тұлғалардың келуін қамтамасыз етуге бағытталды.

Бұл жүйе Қытай қоғамында білім мен адалдыққа негізделген басқару құрылымын қалыптастыруға ықпал етті. Ол басқа елдерге де әсер етіп, Жапония, Корея және Вьетнам сияқты көрші елдерде ұқсас емтихан жүйелерінің пайда болуына себеп болды.

Бір қызығы, қазіргі Қытайда да шенеуніктерді тестілеудің емтихан тәжірибесі лауазымға тағайындау кезінде өз мәнін сақтап қалды [9, 173 б.].

Бұл жүйеде үміткерлердің білім деңгейі мен моральдық сапасы тексерілді. Мұндай жүйе меритократиялық қағидатқа негізделді. Сонымен бірге мемлекеттік қызметке тек лайықты тұлғалардың келуін қамтамасыз етуге бағытталды.

Кэцзюй жүйесі үш деңгейлі емтиханнан тұрды:

- жергілікті;
- провинциялық;
- императорлық сарай емтихандары.

Үміткерлер Конфуций ілімінің классикалық мәтіндері, әдеби стиль, тарих, әкімшілік дағдылар және поэзия бойынша білімдерін дәлелдеуі тиіс болды.

Ең жоғары дәрежелі «цзиньши» атағын алу үшін үміткерлердің тек 1-2%-ы ғана сәтті өтетін, бұл олардың қоғамдағы беделін арттырды [6].

Сонымен Қытайдың Кэцзюй жүйесі мемлекеттік қызметке іріктеуде білім мен адалдықты басты критерийлер ретінде қарастырып, әлемдегі ең көне және ықпалды кадрлық іріктеу жүйелерінің бірі болып табылады. Бұл жүйе меритократиялық қағидатқа негізделіп, мемлекеттік басқаруда әділдік пен тиімділікті қамтамасыз етуге бағытталды.

Ал Қазақ хандығының тарихында мемлекеттік қызметшілердің адалдығы мен парасаттылығын қамтамасыз етуге бағытталған тетіктер болған. Дегенмен олар парасаттылыққа арналған заманауи тесттер түрінде ресімделмеген.

Хандарды сайлау процесі халық жиналысының (мәслихаттың) қатысуын қамтыды. Онда әртүрлі рулардың өкілдері өз еріктерін білдірді.

Ж.О. Артықбаевтың пікірінше, «Жеті жарғының» Қазақ қоғамындағы қызметін, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатындағы орнын түсіну үшін, көшпелі өмір салтына, оның шаруашылық және әлеуметтік тіршілігінің сырларына әбден қанығу керек. Тарихи деректерден орталық саяси биліктің пәрмені мен құрығы қазақ қоғамына түгел жете бермейтінін көреміз, бірақ оның есесіне қоғамды біріктіріп ұстап тұратын реттегіш бар. Ол – рулар арасындағы, жеке адамдар арасындағы туыстық қарым-қатынас [10, 16 б.].

Осыдан біз, рулық және туысқандық қарым-қатынастың билік басындағы адамның билік жүргізуіне және мемлекет үшін маңызды шешімдер қабылдауына әсер ететінін көруге болады.

Сайланғаннан кейін хан қоғамдық бақылауға алынды, яғни, егер ол үміттерін ақтамаса, оны жұмыстан шығарып, мүлкін тәркілеу бойынша жазалар қолданылып отырған. Бұл тетік жоғары лауазымды тұлғалардың мінез-құлқын қоғамдық бағалау мен бақылаудың бір түрі болды.

Екіншіден, билер институты және «Жетіжарғы» заңдар жинағына сәйкес, халықтық судьялар мен кеңесшілер ретінде олар тәртіпті сақтауда шешуші рөл атқарды. Тәуке хан кезінде қабылданған «Жеті жарғы» заңдар жинағы мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқын реттейтін нормаларды қамтыды және билікті асыра пайдаланғаны үшін жазаларды қарастырды.

Ғалымдардың пікірінше, жеті биліктің қатысуымен құрастырылған «Жеті жарғы» заңдар жинағының атауы да осы билердің маңыздылығына арналған деседі [11].

Жеті түрлі бөліктен тұратын бұл заңдар жинағының үшінші (Әскери заң) және төртінші (сот процесі туралы) бөліктерінде әскерлердің адалдығы, билікке деген сенімділігі, мемлекет қойған талаптарды сақтауы мәселелері де қамтылса, ал билер үшін, олардың сатылмаушылығы мәселелері қарастырылған [12].

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» атты халық мақалы билердің әдептілігін, паракорлыққа мүлдем төзбеушілігін дәріптейді.

Сонымен қатар, Қасым-хан «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталатын құқықтық реформалар жүргізді. Оған қызметкерлер арасында тәртіп пен адалдықты қамтамасыз етуге бағытталған нормалар енгізілді.

Бұл реформалар құқықтық тәртіп пен мемлекеттік институттарға деген сенімді нығайтуға ықпал етті.

Сонымен Қазақ хандығында қоғамдық бақылауға, құқықтық нормалар мен моральдық қағидаттарға негізделген мемлекеттік қызметшілердің парасаттылығын бағалау мен қамтамасыз етудің дәстүрлі тетіктері болды. Бұл тәжірибелер мемлекеттік басқарудағы парасаттылықты бағалаудың заманауи жүйелерінің көрінісі болды.

XIX ғасырда кәсіби мемлекеттік қызметтің дамуымен, әсіресе Ұлыбритания мен АҚШ-та, шенеуніктердің жеке және моральдық қасиеттеріне қойылатын талаптарды рәсімдеу қажеттілігі туындады.

Осылайша, американдық «меритократия» жүйесі лауазымға үміткерлердің өмірбаянын, ұсыныстарын және моральдық қасиеттерін тексеру элементтерін енгізе бастады [13].

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бюрократиялық құрылымдар мен сыбайлас жемқорлық ауқымының өсуі алдын алу әдістеріне қызығушылық тудырды. 1978 жылы АҚШ-та «Мемлекеттік қызметті реформалау туралы» заң қабылданды. Ол алғаш рет парасаттылық пен адалдықты бағалау элементтерін жүйелі түрде енгізді.

Еуропа елдері, әсіресе скандинавиялықтар, этикалық кодекстер мен шенеуніктердің беделін бағалаудың ішкі рәсімдерін енгізе бастады.

Ұлыбританияда XIX ғасырда мемлекеттік қызметке реформа енгізілді.

Р. Стефенсонның пікірінше, 1854 жылғы Норткот-Тревелян есебі бойынша мемлекеттік қызметке қатысты сындар бар. Оның баяндамасында «мемлекеттік қызметте лауазымдарды алуды жоғары ұмтылыстардан, еңбекқорлықтан және қабілеттерден айырылған адамдар ерекше аңсайды. Өйткені мұнда олар көп күш жұмсамай және ештеңеге тәуекел етпестен лайықты өмір сүруді қамтамасыз ете алады» делінген.

Баяндама жарияланғаннан бері мемлекеттік қызметтің бірқатар іргелі қағидаттары өзгерген жоқ. Бұл негізгі қағидаттарға мыналар жатады:

- кәсіби және іскерлік қасиеттерге негізделген лауазымға адал және ашық сайыс;
- негізінен мансаптық, «өмір бойы» қызмет;
- шенеуніктің міндеті – қандай партия құрғанына қарамастан, билік органдарына адал, бейтарап және саяси бейтарап көмек көрсету;
- кәсіби қызметтегі адалдық пен парасаттылықтың жоғары критерийлері [14].

АҚШ-та integrity check жүйесі ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап дами бастады. 1978 жылы қабылданған «Азаматтық қызмет реформасы туралы» заң шеңберінде мемлекеттік қызметшілерге қатысты адалдық, мүдделер қақтығысы және әдеп нормаларына сәйкестік мәселелері заңнамалық деңгейде реттеле бастады.

Қазіргі кезде АҚШ-та integrity check – бұл тексеру рәсімдерін, этикалық декларацияларды, қаржылық есептілікті және өмір салтын бақылауды қамтитын кешенді жүйе [15].

Сингапурдың адалдыққа тексеру бойынша тарихи тәжірибесі – ең табысты үлгілердің бірі деуге негіз бар.

Елде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат 1960 жылдардан бастап қатаң түрде жүргізіліп келеді. Мемлекеттік қызметшілердің адалдығын тексеру үшін арнайы агенттіктер құрылды.

СРІВ – Corrupt Practices Investigation Bureau қызметі қызметкерлердің өмір салты мен кіріс-шығысына тұрақты мониторинг жүргізеді. Integrity check жүйесі кадрлық шешім қабылдауда шешуші фактор болып табылады.

ХХ ғасырдың аяғынан бастап «integrity check» ұғымы адал басқару саясатының ажырамас бөлігіне айналды. ЭЫДҰ, Transparency International, Дүниежүзілік банк және БҰҰ сияқты ұйымдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу шаралары жүйесіндегі маңыздылықты көрсетті. Парасаттылықты тексеру бойынша нұсқаулықтар мен стандарттарды әзірлеуді бастады.

Осылайша, «integrity testing» тек жалдау үшін ғана емес, сонымен қатар қазіргі мемлекеттік қызметшілерді мерзімді бағалау үшін де қолданыла бастады.

Бүгінгі таңда парасаттылықты тестілеу сауалнамадан, психологиялық тесттерден және мінез-құлықты талдаудан, арандатушылық тексерулерге және мүдделер қақтығысын бақылауға дейінгі көптеген тәсілдерді қамтиды.

Мысалы, Канада, Нидерланды, Израиль және Литва сияқты бірқатар елдерде «integrity check» кадр саясатының міндетті бөлігі болып табылады. Ол сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жоғары деңгейі бар секторларда – кеден, полиция, салық органдарында белсенді қолданылады.

1-кесте. Адалдыққа тексерудің (integrity check) тарихи дамуы бойынша салыстырмалы мәліметтер

Ел	Жүйенің пайда болуы	Тексеру әдістері	Ерекшеліктері
Қазақстан (тарихи)	XV–XVIII ғғ.	Қоғамдық бедел, шешендік, әділеттілік	Формалды тестілеу болмаған, бірақ халықтық бақылау болған
Қытай	б.з.д. VII ғ.–XX ғ.	Кэцзюй жүйесі, моральдық сапа	Емтихан арқылы адал және білімді кадрлар таңдалған
Ұлыбритания	XIX ғ.	Реформалар, іріктеу комиссиясы	Кәсібилік пен бейтараптықты басшылыққа алған
АҚШ	XX ғ.	Заңнамалық реттеу, декларациялар	Қаржылық есептілік, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат
Сингапур	XX ғ. ортасы	СРІВ, өмір салтын бақылау	Қатаң бақылау мен жалақыны көтеру

			арқылы адалдықты сақтау
--	--	--	-------------------------

Мемлекеттік қызметшілердің парасаттылығын тестілеу тарихы мемлекеттік кадрлық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат шеңберінде жүйелі институционалдық құралдарға қойылатын моральдық-этикалық талаптардан эволюцияны көрсетеді (1-кестені қараңыз).

Адал басқару стандарттарының дамуымен integrity check рөлі артып, мемлекеттік қызметке деген сенімді нығайтудың және теріс пайдаланудың алдын алудың маңызды тетігіне айналуда.

Жүргізілген зерттеу барысында, әр түрлі елдердегі және мәдени дәстүрлердегі адалдыққа (парасаттылықты) тексеру институтының (integrity check) тарихи дамуын талдау бірнеше негізгі қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

Біріншіден, билікке ие адамдардың адалдығы мен адамгершілігін бағалау идеясы жаңалық емес. Оның ежелгі дәуірден бастау алатын терең философиялық және құқықтық тамыры бар. Ежелгі Греция мен Римде моральдық тұрақтылық, міндеттемелерге адалдық және қоғамдық игілікке қызмет ету азаматтың негізгі қасиеттері ретінде қарастырылды.

Рим құқығы bona fides тұжырымдамасымен және fidem habere қағидасымен құқықтық қатынастардағы сенім мен моральдың құқықтық негізін көрсетеді. Бұл болашақ мемлекеттік қызметкерлердің мінез-құлқын бақылау институттарының алғышарттарын белгіледі.

Екіншіден, әртүрлі мемлекеттер тарихында парасаттылықты тексеру тетіктерін қалыптастыру мен іске асырудың бірегей тәсілдері байқалады. Қытайдың Кэцзю жүйесі меритократия және моральдық сәйкестік қағидаттар бойынша, шенеуніктерді іріктеуге институционалды көзқарастың алғашқы мысалы болып табылады. Бұл үлгі білім мен моральдық көріністі тексеруді біріктірді. Бірқатар Шығыс Азия елдеріндегі мемлекеттік кадрлық тәжірибеге

әсер етті. Қызметкерлерді бағалаудың мұндай кешенді тәсілінің тәжірибесі Қытайда бүгінгі күнге дейін сақталғанын атап өткен жөн.

Үшіншіден, дәстүрлі қазақ қоғамында биліктің парасаттылығын қоғамдық бақылау жүйесінің элементтері де болған. Олар тесттер немесе институционалдық рәсімдер түрінде ресімделмеген. Бірақ хандарды халықтық бақылау, «Жеті жарғы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», сондай-ақ билер институты сияқты биліктің адамгершілік беделін қалыптастыруға ықпал еткен пәрменді әлеуметтік және құқықтық тетіктер болды. Бұл элементтер мемлекеттік қызмет атқаратындарға терең моральдық үміттердің болуын көрсетеді.

Төртіншіден, қазіргі мемлекеттердің дамуымен, әсіресе XIX–XX ғасырларда мемлекеттік қызметшілердің адалдығы мен құзыреттілігін бағалау тәсілдері институттандырыла бастады.

Ұлыбританияда Норткот-Тревелянның баяндамасынан кейін басталған мемлекеттік қызмет реформалары әділ конкурс, құзыреттілік және бейтараптық қағидаты бойынша іріктеу жүйесінің негізін қалады. Дәл осы қағидалар американдық мемлекеттік қызмет жүйесінің негізін қалады. Әсіресе 1978 жылғы реформадан кейін, әдеп, мүдделер қақтығысы және адалдық мәселелері заңнамалық реттеудің тақырыбына айналды.

Ақырында, Сингапур сияқты бірқатар мемлекеттерде адалдықты тексеру сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізі болды. Сингапурда алдын алу, қадағалау және құқық қолдану тетіктерін біріктіретін тиімді жүйе қалыптасты. Бұл елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы және ашық мемлекеттік қызметті құрудағы табысы факторларының біріне айналды.

Қорыта келе, парасаттылықты тексеру институты философиялық және моральдық тұжырымдамалардан институттандырылған құқықтық тетіктерге дейін ұзақ тарихи жолдан өтті деп қорытынды жасауға болады.

Ол әр қоғамның мәдени, саяси және құқықтық ерекшеліктеріне байланысты дамыды. Сонымен қатар, барлық уақытта адалдық, моральдық жауапкершілік және қоғамдық мүдделерге қызмет ету идеялары іргелі болып

қала берді. Бұл бүгінгі күні «integrity check»-тің маңызды базасын құрайды. Бұл тарихи-салыстырмалы талдау қазіргі жағдайда, оның ішінде Қазақстанның парасаттылықты тексеру институтын жүйелі және терең ойластырылған іске асырудың маңыздылығын растайды.

1.2. Адалдыққа тексеруді (integrity check) регламенттейтін халықаралық құқықтық база

Адалдыққа тексеру (integrity checks) әсіресе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, ақшаны жылыстату және ашықтықты қамтамасыз ету саласын қозғайды.

Адалдыққа тексеруді (integrity check) регламенттейтін халықаралық құқықтық актілерді зерделеу екі бөлікке бөлуді көрсетті. Яғни:

- Конвенциялар және халықаралық шарттар;
- нормативтік ұсынымдар мен стандарттар.

БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы (бұдан әрі – Конвенция) мемлекеттерден сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін парасаттылықты тексеру жүйелерін әзірлеуді тікелей талап етеді.

Оған дәлел, Конвенцияның 7-бабына сәйкес, «әрбір Қатысушы мемлекет тиісті жағдайларда және өзінің құқықтық жүйесінің негізгі принциптеріне сәйкес азаматтық қызметшілердің және тиісті жағдайларда сайланып қойылмайтын жария лауазымды адамдарды жұмысқа қабылдау, іріктеу, қызмет өткеруі, қызметі жағынан өсуі және өз еркімен орнынан түсу сияқты жүйені құруға, қолдауға және нығайтуға ұмтылады. Олар мыналар:

а) тиімділік пен ашықтық принциптеріне және мінсіз жұмыс, әділеттілік пен қабілеттілік сияқты объективті өлшемдерге негізделеді;

б) бұған сыбайлас жемқорлық тұрғысынан алғанда ерекше осал саналатын көпшілікке арналған лауазымды атқару үшін кадрларды іріктеу мен даярлаудың тиісінше рәсімдері және тиісті жағдайларда, осындай лауазымдардағы осындай кадрлардың алмасылуы жатады;

с) Қатысушы мемлекеттің экономикалық жағынан даму деңгейін ескере отырып тиісінше сыйақылар төлеуге және әділетті айлық ақылар белгілеуге жәрдемдеседі;

д) ондай адамдардың көпшілікке арналған міндеттерді дұрыс, адал және тиісті орындау талаптарын қанағаттандыра алатын білім беру мен оқу бағдарламаларын жүзеге асыруға жәрдемдеседі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа ұшырасатын қауіп-қатерлерді ұғынуын тереңдету үшін оларға мамандандырылған және тиісті даярлықты қамтамасыз етеді. Мұндай бағдарламаларда кодекстерге сілтемелер немесе қолданылатын салаларында мінез-құлық стандарттары қамтылуы мүмкін.».

Сонымен бірге Конвенцияның 7-бабына сәйкес, «сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мақсаттарында, әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес басқаларымен қатар өздерінің жария лауазымды тұлғаларының параға сатылмаушылығын, адалдығы мен жауапкершілігін көтермелейді.

Атап айтқанда, әрбір Қатысушы мемлекет өздерінің институциялық және құқықтық жүйелері ауқымында жария міндеттерін дұрыс, адал және тиісінше орындауы үшін мінез-құлық кодекстерін немесе стандарттарын қолдануға ұмтылады.

Осы баптың ережелерін жүзеге асыру мақсаттары үшін әрбір Қатысушы мемлекет тиісті жағдайларда және өзінің құқықтық жүйесінің негізгі принциптеріне сәйкес, аймақаралық және көп жақты ұйымдардың, мысалы 1996 жылғы 12 желтоқсандағы Бас Ассамблеяның 51/59 қарарының қосымшасында мазмұндалған мемлекеттік лауазымды адамдардың мінез-құлық кодексін назарға алады.

Әрбір Қатысушы мемлекет, сонымен қатар өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес, жария лауазымды тұлғалардың өз міндеттерін атқару кезінде ол жөнінде белгілі болған сыбайлас жемқорлық әрекеттері туралы тиісті органдарға хабарлауы үшін жәрдемдесетін шаралар мен жүйелерді анықтау мүмкіндігін қарастырады.

Әрбір Қатысушы мемлекет тиісті жағдайларда және өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес жария лауазымды тұлғалар тиісті органдарға декларациялар, басқаларымен қатар қызметінен тыс әрекеті, айналысатын жұмысы, инвестициялар, активтер туралы және жария лауазымды тұлғалар ретінде олардың міндеттеріне қатысты мүдделерінің қарама-қайшылығы туындауы мүмкін елеулі сыйлықтар немесе пайдалары туралы декларацияларды тиісті органдарға беруге міндеттеуге ұмтылады.

Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес осы бапқа орай белгіленген кодекстерді немесе стандарттарды бұзатын жария лауазымды тұлғаларға қатысты тәртіптік немесе басқа да шараларды қабылдау мүмкіндігін қарастырады.» [16].

Оған қоса қызметкерлерді қаржылық ақпаратты бағалауды қоса алғанда, адалдық пен мүдделер қақтығысына тексеру рәсімдерін құруға шақырады.

Қазақстан үшін мемлекеттік қызметшілерді адалдыққа тексеру рәсімін енгізу барысында, Конвенцияның осы нормалары бастамашыл қағида болып табылады. Сондай-ақ енгізудің қажеттілігін және маңыздылығын көрсетеді және куәландырады.

Сонымен қатар Еуропалық Кеңестің сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауаптылық туралы [17] және азаматтық-құқықтық жауаптылық туралы [18] конвенцияларының бағыттарының бірі – қатысушы елдерге лауазымды тұлғалардың парасаттылығын бақылау тетіктерін, сондай-ақ олардың өмір салты мен мүлкін үнемі тексеруді енгізу болып табылады.

Сонымен қатар, ФАТФ (FATF) – ақшаны жылыстатуға қарсы ұсыныстарда «Адалдықты тексеру» туралы нақты айтылмайды. Бірақ клиенттерді (Customer Due Diligence) және бенефициар иелерін мұқият тексеруді талап етеді. Бұл бедел мен адалдықты тексеруге ұқсас рәсімдер болып саналады [19, 29 б.].

Бұл ретте Customer Due Diligence (Клиенттерді дұрыс тексеру) – бұл сіздің клиентіңізді анықтауға және оның кім екенін көрсетуге көмектесетін

тексеру процесі болып табылады. Сонымен бірге бұл рәсім келесі критерийлер бойынша жүргізіледі:

- клиенттің жеке басы;
- бенефициар иесінің жеке басы, яғни транзакцияның артында тұрған адам;
- егер транзакция басқа тұлғаның атынан жасалса не сіз айналысатын адам заңды тұлға тағайындаған өкіл болса, транзакцияны жүзеге асыратын тұлғаның жеке басы;
- мақсат, яғни транзакция неге жасалады [20].

Келесі бөлік ТМД-ға қатысушы мемлекеттер үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы модельдік заң (2013 жылы ТМД Парламентаралық Ассамблеясы қабылдаған) болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілердің адалдығын бақылау рәсімдерін енгізу қажеттілігін белгілейді.

Мысалы, бұл Заңның 8-бабына сәйкес, «мемлекеттік лауазымға орналасуға үміткер адамдар өздерінің мәртебесін және оған негізделген беделін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерге жол бермеу мақсатында осы Заңда және өзге де заңдарда белгіленген шектеулерді өзіне қабылдайды. Бұл ретте аталған адамдар мұндай әрекеттердің құқықтық салдары туралы хабардар етіледі» [21].

Талдау көрсеткендей, бұл норманың мазмұны мемлекеттік лауазымға орналасуға үміткердің адамдар мүдделер қақтығысын және лауазымдық жағдайды теріс пайдалануын болдырмауға бағытталған. Оған қоса алдын ала белгіленген шектеулерді өзіне қабылдайтынын белгілейді. Бұл үміткердің лауазымға тағайындалғанға дейін оның ықтимал адалдығын бағалауға мүмкіндік беретін алдын-алу бақылауының бір түрі.

Осыған байланысты, бұл норма мемлекеттік лауазымдарға үміткер кандидаттар өздерінің болашақ қызметтік жауапкершілігінің бір бөлігі ретінде, мемлекет белгілеген шектеулерді мойындаған және қабылдаған кезде парасаттылықтың бастапқы сүзгісі қызметін атқарады.

Бұл мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқының парасаттылық критерийлеріне сәйкестігіне, одан әрі объективті тексеру жүргізуге мүмкіндік беретін құқықтық және этикалық негіздер жасайды.

Келесі бөлік – осы саланы ішінара регламенттейтін нормативтік ұсынымдар мен стандарттар.

Жоғары аудит органдарының халықаралық ұйымы (INTOSAI) мемлекеттік басқаруда ашықтықты, есептілікті және парасаттылықты қамтамасыз етудің халықаралық стандарттары мен тәсілдерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Қазақстан INTOSAI мүшесі бола отырып, парасаттылықты тексеру тетіктерін енгізуді қоса алғанда, мемлекеттік қызметшілерге өзінің ұлттық бақылау жүйесін жетілдіру кезінде осы стандарттарды ұстануға бағдар жасайды.

INTOSAI этика, мүдделер қақтығысы, ішкі бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктер мәселелерін қоса алғанда, мемлекеттік қаржылық бақылау саласындағы қағидаттар мен ұсынымдарды әзірлейді. Атап айтқанда, жоғары аудит органдарының халықаралық стандарттары (ISSAI) сияқты құжаттар лауазымды адамдардың адалдығы мен этикалық мінез-құлқын бағалаудағы аудиторлық органдардың рөлі туралы ережелерді қамтиды. Мысалы, INTOSAI Әдеп кодексінің 12-бабына (Адалдық) сәйкес, «аудиторлар жұмыс барысында және тексерілетін ұйымдардың қызметкерлерімен қарым-қатынаста мінез-құлқтың жоғары стандарттарын (мысалы, адал және әдепті болу) ұстануға міндетті. Қоғамдық сенімді сақтау үшін аудиторлардың мінез-құлқы күдік пен сөгістен тыс болуы керек» [22].

Жоғары аудит органдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрылымдармен, оның ішінде теріс пайдаланудың алдын алу және мемлекеттік қызмет жүйесіндегі ашықтықты арттыру мақсатында өзара іс-қимылының маңыздылығын атап көрсетеді.

Бұл Қазақстанның мемлекеттік қызметшілерді іріктеу, тағайындау және мониторингілеу рәсімдеріне парасаттылықты бағалауды интеграциялау жөніндегі күш-жігеріне сәйкес келеді.

INTOSAI стандарттарына сәйкес жүргізілетін сыртқы мемлекеттік аудит жүйелі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен теріс пайдалануларды анықтауға, сондай-ақ жосықсыз мінез-құлықтың алдын алу тетіктерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді [23].

Оған қоса Қазақстан Республикасы Қаржылық бақылаудың жоғары органдарының еуропалық ұйымының (EUROSAI) құрамында екенін айта кету керек. EUROSAI – INTOSAI-дың аймақтық ұйымдарының бірі болып табылады [24]. Міндеттері де, мақсаттары да, қызметі де INTOSAI-дың қызметіне сүйенеді.

Қазақстанда бұл аудиттер лауазымды адамдардың тәртіптік, әкімшілік және өзге де жауапкершілігі туралы, оның ішінде олардың парасаттылығын ескере отырып, шешімдер қабылдау үшін негіз қалыптастырады.


Жүргізілген зерттеу жұмысы барысында, INTOSAI Қазақстанда мемлекеттік қызметшілердің парасаттылығын бағалау институттарының дамуына тұжырымдамалық және әдістемелік әсер ететіні белгілі болды. Сонымен бірге ұйымның қағидаттары мен стандарттары жосықсыз шенеуніктерді анықтап қана қоймай, сыбайлас жемқорлық көріністерінің ерте сатысында алдын алуға мүмкіндік беретін біртұтас және тәуелсіз сыртқы бақылау жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді.

Адалдыққа тексеру талаптарын белгілейтін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) негізгі халықаралық актілеріне:

- Халықаралық коммерциялық операцияларда шетелдік шенеуніктерге пара беруге қарсы күрес туралы ЭЫДҰ конвенциясы (OECD Anti-Bribery Convention, 1997);

- ЭЫДҰ-ның 2021 жылғы парақорлыққа қарсы күрес жөніндегі қосымша шаралар туралы ұсынымдары (2021 OECD recommendation for Further Combating Bribery of Foreign Public Officials).

ЭЫДҰ-ның 2021 жылғы ұсынымдарының (internal Controls, Ethics and Compliance) XIII-тармағына сәйкес, «Мүше елдер компанияларды шетелдік парақорлықтың алдын алу және анықтау мақсатында тиісті ішкі бақылау, этика және сәйкестік бағдарламаларын немесе шараларын әзірлеуге және бейімдеуге ынталандыруы керек» делінген.



ЭЫДҰ ұсынымдарының мазмұнынан «адалдыққа тексеру» деп келесі түсініледі:

- қызметкерлер мен агенттерді мүдделер қақтығысының, соттылықтың, мемлекеттік қызметшілермен байланыстардың бар-жоғына алдын ала тексеру;
- контрагенттердің беделін бағалау, соның ішінде табыс көздерін, капиталдың шығу тегін және бизнес тарихын талдау;
- комплаенс жүйелерінің тәуелсіз аудит рәсімдерін енгізу;
- құпия ақпараттандыру (whistleblowing) және бұзушылықтарға ден қою тетіктерін қамтамасыз ету [25].

Жүргізілген талдау көрсеткендей, Қазақстан ЭЫДҰ-ның Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы желісінің (ACN) қатысушысы болып отырғаны белгілі болды. Ұлттық сыбайлас жемқорлыққа

қарсы саясатты ЭЫДҰ ұсынымдарына сәйкес келтіру жөніндегі міндеттемелерді өзіне алды. Жұмыс шеңберінде адалдықты бағалауды енгізуде. Сондай-ақ мемлекеттік және квазимемлекеттік компанияларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті, оның ішінде ЭЫДҰ стандарттары бойынша қолдануға шақырады.

Сонымен салыстырмалы талдау барысында, адалдыққа тексеру үшін қойылатын талаптар тұрғысынан халықаралық актілер жүйеленді (2-кестені қараңыз). Айырмашылықтары да, ұқсастықтары да байқалды.

2-кесте. Адалдыққа тексеру үшін қойылатын талаптар бойынша халықаралық құжаттарды салыстырмалы талдау туралы мәліметтер

Халықаралық актілер	Қысқаша мазмұны	Адалдыққа тексеру үшін қойылатын талаптар
<i>БҰҰ-ның 2003 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы</i>	Мемлекеттік қызметкерлер арасындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын, оның ішінде жалдау, жылжыту және жауапкершілік ережелерін талап етеді	Қаржылық жағдайды тексеру, мүдделер қақтығысын ашу, мінез-құлық кодекстерін енгізу
<i>Еуропа Кеңесінің 1999 жылғы Сыбайлас жемқорлық үшін жауаптылық туралы конвенциялары</i>	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстық және азаматтық шаралар, меншік құқығын қорғау және лауазымды тұлғаларға міндеттер қою	Өмірбаянын, өмір салтын тексеру, активтерді декларациялау, этикалық стандарттарды сақтау

<i>2012 жылғы ФАТФ ұсынымдары</i>	Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес, оның ішінде қаржы институттары үшін стандарттар	Клиенттер мен бенефициар иелерін міндетті тексеру («Due Diligence»), күдікті операцияларды бақылау
<i>ЭБДҰ-ның 1998 жылғы мемлекеттік қызметтегі парасатты мінез-құлыққа арналған ұсынымдары</i>	Парасаттылыққа баса назар аудара отырып, тиімді мемлекеттік қызметті құруға арналған нұсқаулық	Мемлекеттік лауазымдарға кандидаттарға тексеру жүргізу, әдеп нормаларының сақталуына мониторинг жүргізу
<i>2013 жылғы ТМД елдері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы модельдік заң</i>	Мемлекеттік басқаруда сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар мен рәсімдерді әзірлеуді міндеттейді	Шенеуніктер үшін адалдықты тексеру рәсімдерін енгізу: декларациялар, іскерлік беделді тексеру
<i>INTOSAI Әдеп кодексі (ISSAI 30)</i>	Қаржылық бақылау органдарына арналған халықаралық әдеп стандарты	Аудиторлар мен тексерушілердің парасаттылығын тұрақты бағалау, этикалық комиссиялар құру

Жүргізілген зерттеу адалдықты тексеру институтының (integrity check) халықаралық актілерде регламенттелгенін көрсетті. «Адалдықты тексеру» термині әртүрлі құжаттарда түрлі тұжырымдалған.

Оған қарамастан, этикалық мінез-құлықты бағалау, мүдделер қақтығысын бақылау, due diligence, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс болып бастау алады. Сонымен қатар бұл тетіктердің мәні тағайындау кезеңінде де,

лауазымдық міндеттерді орындау процесінде де жосықсыз мінез-құлықты анықтауға және алдын алуға дейін көзделген.

Халықаралық конвенциялар мен шарттарда парасаттылықты тексеру тетіктерін енгізу қажеттілігін тікелей реттейтін негізгі нормативтік құжат БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы болып табылады. Мінез-құлық кодекстерін енгізудің, мүдделер қақтығысын бағалаудың және қаржылық ақпаратты парасаттылықтың міндетті элементтері ретінде талдаудың маңыздылығы атап өтілген. Бұл ережелер «integrity check» ұлттық тетіктерін әзірлеуге негіз болып табылады.

Сондай-ақ, Еуропа Кеңесі шеңберінде лауазымды адамдардың өмір салтын бақылауды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін қылмыстық және азаматтық жауапкершілікке баса назар аударылады. Бұл олардың адалдығын үнемі тексеруді білдіреді.

Халықаралық ұсынымдар мен стандарттар аясында ФАТФ «integrity check» деген тікелей терминді қолданбаса да, клиенттің Due Diligence (CDD) шеңберінде ұқсас рәсімдерді ұсынады. Яғни бенефициарлар мен қаражат көздерін қоса алғанда, клиенттің міндетті тексеруі болып көрініс табады. Бұл рәсімдер ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ адал емес адамдарды қаржылық операцияларға тартуға жол бермейді.

Өңірлік құжаттарда, яғни ТМД елдерінің Модельдік заңында, мемлекеттік лауазымдарға кандидаттар үшін, адалдықты тексеру тетіктерін және шектеулерді енгізуге тікелей бағытталған нормалар бар.

Бұл билікті асыра пайдаланудың ықтимал тәуекелдерін алдын ала анықтауға мүмкіндік беретін превентивтік бақылаудың бір түрі.

INTOSAI және EUROSAI *стандарттары* мемлекеттік аудит рәсімдері арқылы адалдықты бағалау ережелерін дамытуға айтарлықтай үлес қосады. ISSAI этикалық кодекстері мен стандарттары аудиторлардың мінез-құлқына жоғары талаптар қояды. Бұл мемлекеттік басқарудағы жалпы адалдық мәдениетіне жанама әсер етеді.

Қазақстан осы ұйымдардың мүшесі ретінде өзінің сыртқы қаржылық бақылауын жетілдіру кезінде осы стандарттарға бағдарланады.

ЭЫДҰ ұсынымдары сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат шеңберінде, әсіресе жеке секторда және квазимемлекеттік компанияларда «integrity check» тәжірибеге бағдарланған стандарттарды қалыптастырады. 2021 жылғы ұсыныстарға қызметкерлерді, контрагенттерді тексеру және міндетті ішкі бақылау және whistleblowing рәсімдері бар сәйкестік жүйелерін енгізу кіреді. Қазақстан ЭЫДҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы желісінің қатысушысы ретінде бұл тәжірибелерді ұлттық деңгейде енгізуде.

Қорытындылай келе, адалдықты тексеруге қойылатын халықаралық талаптардың бірнеше негізгі элементтерін бөліп көрсетуге болады:

- этикалық және құқықтық өлшемдерді ескере отырып, кандидаттарды алдын ала іріктеу;

- мүдделер қақтығысы мен кіріс көздерін қоса алғанда, мінез-құлықты үнемі бақылау және талдау;

- бақылаудың институционалдық тетіктерін енгізу (комплаенс, аудит, мінез-құлық кодекстері);

- халықаралық ынтымақтастық және ұлттық жүйелерді халықаралық стандарттармен үйлестіру.

Жүргізілген зерттеу нәтижелерін қорыта отырып, «integrity check» институты сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың және мемлекетке деген сенімді арттырудың тиімді құралы ретінде халықаралық құқықтық актілерде кең қолдау алатынын айтамыз.

2. Адалдыққа тексеруді (integrity check) енгізудің практикалық мәселелері

2.1. Адалдыққа тексеруді (integrity check) жүзеге асыратын халықаралық тәжірибедегі тиімді тетіктер

«Сыбайлас жемқорлық құбылысы көптеген елдерде мемлекеттік басқару үшін маңызды сынақ болып табылады. Мемлекеттік институттарға деген қоғамдық сенімге нұқсан келтіреді және оның тиімділігін төмендетеді. Қазақстан Республикасының елеулі дамуына қарамастан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу құқық қорғау органдарының басым міндеттері болып қала береді» [5].

Мәселен, «2024 жылдың қорытындысы бойынша Жағымды бейбітшілік индексі (Positive Peace Index) рейтингінде Қазақстан 163 елдің ішінен 71-ші орынды иеленді. 8 бағалау факторы бойынша сыбайлас жемқорлық деңгейі көрсеткішінің сегментінде Қазақстан 3,56 балл жинады» [26].

«2023 жылы Transparency International рейтингінде Қазақстан 39 балл жинап, 180 елдің ішінде 93 орынға ие болды» [27]. «Нысаналы индикаторларға сәйкес, Қазақстанның 2026 жылға қарай 47 балға, ал 2030 жылға қарай 55 балға стратегиялық мақсатқа қол жеткізуі жоспарланған» [3].

Ең алдымен, «бұл өмірлік маңызды салалардағы сыбайлас жемқорлықтың көрінісі халықтың мемлекеттік аппарат пен құқық қорғау органдарына деген сенім деңгейінің төмендеуі, халықтың мазасыздығы мен агрессиясының жоғарылауы сияқты ауыр зардаптарға әкеп соқтырады. Оның салдарынан елдегі әлеуметтік-саяси шиеленістің катализаторы болып табылады» [5].

Осыған байланысты, Президент Қ.-Ж.К. Тоқаевтың барлық бағыттар бойынша «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жаңа серпін беру туралы бастамасы және оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте әрекетсіздік азаматтардың наразылық бағыты мен құқықтық нигилизмнің өсуіне алып келеді» [28] деген әділ ескертуі уақытылы болып отыр.

«Ғылыми және құқықтық талдауларға негізделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жаңа нысандарын, сызбалары мен тетіктерін жүйелі және теңгерімді талдаудың шұғыл қажеттілігі туындады. Мемлекеттік және қоғамдық өмірдің түрлі саласындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін тиімді және айтарлықтай төмендететін кешенді алдын алу шараларына назар аудару маңызды» [5].

«Бұл құбылыстың алдын алудың инновациялық тәсілдерін енгізу шеңберінде, құқық қорғау және азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін кәсіби адалдық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау тұрғысынан жасырын тексеру тәжірибесін енгізе отырып, Қазақстан елеулі қадам жасады» [5].

Мәселені шешудің инновациялық тәсілдерінің бірі – «парасаттылыққа құпия тексеруді немесе Integrity Check енгізу. Бұл құқық бұзушылықтың алдындағы кезеңде сыбайлас жемқорлыққа бейімділікті анықтауға бағытталған. Бірқатар елдерде қолданылатын бұл әдіс сыбайлас жемқорлық әрекеттерін тудыруы мүмкін жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді. Бұл мемлекеттік қызметшілердің адалдығын бағалауға және ерте кезеңдерде шаралар қабылдауға мүмкіндік береді» [5].

Оған қоса «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл әдістерін өзгертудің ең қажетті тұжырымдамалық негізі – қоғамда парасаттылық идеологиясын әзірлеу және тарату болуы тиіс» [29, 111 б.] екендігін заңгер-ғалымдар да көрсетіп отыр.

«Құпия парасаттылыққа тексеру немесе Integrity Check – тестілеу туралы тексерілетін адам білмейтін үлгіленген жағдай. Мақсаты – заңсыз шешімдер қабылдауға итермелейтін жағдай жасау арқылы мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа бейімділігін анықтау болып табылады» [5].

Парасаттылық терминін ғылымның әртүрлі салаларында жиі кездесетінін атап өтіп, Л.Ю. Мхитарян «адамның моральдық-адамгершілік және философиялық келбетімен қысқаша үйлесетінін, оның экономикалық және әлеуметтік өмір саласының табиғатын анықтайтынын айтты» [30, 46 б.].

Ғалымдардың пікірінше, «парасаттылықтың құрамдас элементтері – бұл жеке деңгейде адалдыққа, заңдылыққа және сатылмауға негізделген дүниетаным мен мінез-құлық нормалары, ал мемлекеттік деңгейде – ашықтық, анықтық және қоғамға есеп беру болып табылады» [31, 539 б.].

Тексерудің екі негізгі түрі бар:

- *тосын* тексерулер: «кез келген қызметкерге қолданылады және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған. Сыбайлас жемқорлық қаупі жоғары ұйымдарда тосын тексерулер тосқауыл болып қызмет етеді».

- *нысаналы* тексерулер: «сыбайлас жемқорлық тәуекелі бар нақты тұлғаларға қатысты жүргізіледі. Осындай тексерулердің негізі – шағымдар, кірістер мен өмір салтындағы сәйкессіздіктер не басқа белгілер болуы мүмкін» [5].

«Бұл тексерулердің өзіндік ерекшеліктері мен тәсілдері бар. Мақсаттары мен тәуекел деңгейіне байланысты тексерулерді икемді түрде реттеуге мүмкіндік береді. Әлемдік тәжірибе парасаттылыққа жасырын тексеру сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді шара болып табылатынын көрсетіп отыр» [5]. Сондықтан оны сәтті қолданудың бірнеше мысалдарын қарастырамыз.

«*Оңтүстік Уэльсте* (Австралия) алғашқы үш жылда 90 нысаналы тексеру жүргізілді. Оның ішінде полиция қызметкерлерінің 1/3 (27%) ғана тексеруден өтті, 40%-ы (немесе 40/90) тексеруден өтпеді. Яғни 17 қызметкерге қатысты қылмыстық іс қозғалған» [32].

«*Румынияда* алғашқы үш жылда осындай 118 тексеру жүргізілді. Оған 136 полиция қызметкері қатысты. Олардың үштен біріне жуығы (38 адам немесе 28%) тексеруден өтпеді. 31 қызметкерге қатысты қылмыстық іс қозғалды. 2011-2013 жылдары 239 қызметкердің қатысуымен 206 тест өткізіліп, оның тек 16%-ы (38 адам) осы тестілеуден өтпеген. Бұл 2007-2010 жылдардағы кезеңмен салыстырғанда тестілеуден өтпегендер пайызының екіге жуық төмендегенін көрсетеді» [33].

Хопптың айтуы бойынша, «Румыниядағы адалдықты тексеру бірден оң әсер етіп, оның ішінде шенеуніктер пара талап етуден тартыншақтай бастаған.

Сонымен қатар шенеуніктерге пара беру туралы хабарламалар көбейіп, пара ұсынатын азаматтар санының азаюына әкелді» [34].

«*Венгрияда* он жыл ішінде (2012-2022 жылдар) 8830 тексеру жүргізілді. Оның тек бір пайызы (137 тексеру) бойынша қылмыстық немесе әкімшілік істер қозғалып, 83% – сот шешімдері шыққан» [35]. «2022 жылы 278 тексеру жүргізіліп, нәтижесінде 13 қылмыстық іс қозғалды» [36].

«*АҚШ-та* 2016 жылға дейін жыл сайын шамамен 500-600 тосын және 25-30 нысаналы тексерулер өткізілді. Нақты деректер бұл тексерулердің күшті профилактикалық рөлін көрсетеді, өйткені осы профилактикалық құралды енгізген он жылдан кейін тестілеуден өтпегендердің пайызы жылына бірнеше жағдайды құрады» [33].

«*Молдовада* кәсіби сатылмайтындыққа тексеру енгізілгеннен кейін қысқа уақытта пара ұсыныстары туралы хабарлаған мемлекеттік шенеуніктердің саны 70 есе өсті. Шенеуніктер пара сұраудан қорқады, өйткені олардың алдында тұрған кез-келген азамат парасаттылыққа тексеруші бола алады. Оған қоса, мемлекеттік қызметкерлер азаматтардан пара алу туралы ұсыныстар жөнінде хабарлай бастады» [37].

«*Сингапурдың* СРІВ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссиясының (1952 жылдан бастап құрылған Corrupt Practices Investigation Bureau) есебіне сәйкес, 2020 жылы 1500-ден астам кәсіби сатылмаушылыққа тексеру жүргізілді. Оның 500-ден астамы жасырын операциялар болып, сыбайлас жемқорлыққа айыпталған 100-ге жуық адам ұсталды. Сонымен қатар, 2020 жылы 60 мемлекеттік қызметкерге қарсы қылмыстық іс қозғалып, 60-тан астам қамауға алынды» [38].

Жапонияда сатылмаушылыққа нысаналы тексерулердің тиімділігі өте жоғары. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық орталықтың есептеріне сәйкес, 2019 жылы осындай 247 тексеру жүргізіліп, нәтижесінде сыбайлас жемқорлықтың 197 жағдайы анықталды. Бұл бұзушылықтардың жалпы пайызы шамамен 79,7% болғанын білдіреді. Оған қоса жүргізілген тексерулер саны

жыл сайын азайып келеді. Бұл Жапонияда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тиімділігінің артқанын көрсетті» [39].

«Талданған шетелдік тәжірибе сыбайлас жемқорлық мінез-құлықты және өзге бұзушылықтарды тежеуде парасаттылыққа тексерудің проактивті әсері мен алдын алудағы ролін растайды. Бұл мысалдар парасаттылыққа жасырын тексеру сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тиімді түрде төмендетіп, үнемі бақылау сезімін тудырып, қызметкерлерді тәртіпке келтіретінін көрсетеді» [5].

Сонымен қатар, «ғылыми ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар қатарындағы парасаттылыққа жасырын тексерулерді енгізуге, жеке компаниялардың лауазымды адамдары мен қызметшілерінің мінез құлқының әдептілігін бағалауға, сондай ақ криминология және құқық қолдану практикасы саласында елеулі пікірталас туындап келеді. Бұл орайда зерттеушілер осы мәселені жақтаушылар мен сынаушылар болып бөлінеді» [5].

Сонымен, британдық әлеуметтанушы Тим Ньюберн «жасырын тексерулерді ерте кезеңдерде жүйелік мәселелерді анықтауға көмектесетін құрал ретінде қарастырады. Олардың ірі сыбайлас жемқорлық жанжалдар туындауына жол бермейді» [40, 62 б.]. Австралиялық зерттеуші Алан Уилсон «құпия сатып алушы» тәжірибесіне және осыған ұқсас жасырын бағалау әдістеріне назар аударады. Олардың маркетингке ғана емес, сонымен қатар қызметкерлердің мінез-құлқының этикасын талдауға да қатыстылығын көрсетеді» [41].

Әлеуметтанушы және құпиялылық жөніндегі сарапшы Гарри Т. Маркс, бұл мәселеге сыни қарап, оның «этикалық-құқықтық келешегін көрсетеді. Мұндай әдістерді қолдану кезінде кінәсіздік презумпциясы мен жеке басқа қол сұғылмаушылық құқығын бұзу туралы ескертеді» [42]. «Әлеуметтану және әдістану саласындағы британдық зерттеуші Дэвид Калви жасырын тексерулердің моральдық екіұштылығын атап өтіп, олардың заңдылығы көбінесе мақсаттардың ашық тығы мен нақты этикалық реттеулердің болуына байланысты екенін атап өтті» [43].

«Қазақстанда парасаттылыққа жасырын тексеру туралы ғылыми диалог сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа шараларды, институционалдық қайта құруларды енгізу мен мемлекеттік және құқық қорғау органдарына қоғамның сенім деңгейін арттыруға ұмтылу аясында жүргізіледі. Бірқатар қазақстандық зерттеушілер жасырын тексерулерді ұлттық сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың бөлігі және мемлекеттік қызметшілердің тиімділігін бағалау құралы ретінде қарастырады» [5].

Сонымен, «жасырын тексерулердің формальды түрде тіркелмейтін сыбайлас жемқорлық тәжірибелерін анықтау қабілетіне А. Алмағамбетов назар аударады» [44, 43 б.]. Ал З. Капсалямова «билік органдарына деген сенімді нығайту үшін нақты нормативтік және этикалық реттеудің маңыздылығын атап көрсетеді» [45, 89 б.]. Сонымен бірге, Б.К. Мадумаров «заңнамалық нормалар мен транспарентті әдіснамалық стандарттардың қажеттілігін, онсыз жасырын тексерулер ерікті бағалау мен арандату құралына айналуы мүмкін» [46, 57 б.] екенін айтқан. Е.Н. Садықов «егер жасырын тексерулер әдейі арандату немесе қызметкерлерге деген сенімсіздік ретінде қарастырылса, құрмет пен сенім туралы мәдени ой қайшылықтарына, сондай-ақ мемлекеттік органдардың моральдық беделінің төмендеу қаупіне» [47, 108 б.] назар аударады.

«Парасаттылықты тексеру көбінесе этикалық және құқықтық қиындықтарға әкеп соғады. Ағылшын ғалымдары полиция қызметкерлерінің кәсіби этикасы мен адалдық қасиеттерін зерттей отырып, олардың құқықтарына нұқсан келетінін ескертеді» [1].

Оған қоса, Адам құқықтары жөніндегі еуропалық сот: мұндай тексерулер тексерілетіндердің құқықтары мен арандатушылыққа жол бермеуін ескерте отырып жүргізілуі тиіс екенін атап көрсетеді. Негізгі құқықтық және этикалық мәселелерге келесілер жатады:

- *арандату*: тексерудің арандатушылыққа айналатын жағдайларын құқықтық жүйе алдын алу керек. Мысалы, кейбір елдерде тексерушіні құқық бұзушылыққа белсенді түрде көндіруге тыйым салынады.

- *ашықтық және қадағалау*: бірқатар елдерде, мысалы Венгрия мен Австралияда жасырын тексерулер жүргізу үшін прокурордың рұқсаты қажет. Бұл олардың заңдылығы мен пропорционалдығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл туралы Сампей, Аллен, Мандич және Джорджевич сияқты шетелдік ғалымдар «адалдық сынақтары жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқықтары мен конституциялық кепілдіктерді бұзуы мүмкін деген қорытынды жасайды» [48].

Оған қоса «Адам құқықтары туралы еуропалық конвенция қоғамдық орындарда жасырын жазбаны пайдалануға тыйым салады және оны пайдалану кезінде құпиялылықты реттейді» [49].

Мәселен, «Молдовада кәсіби сатылмаушылықты тестілеу туралы заңнаманың кейбір ережелерін конституциялық сот 2015 жылы конституциялық емес деп таныды. Яғни тестілеуді бастау рәсімдерін реттейтін заңның ережелері парасаттылық пен объективтілік критерийлеріне сәйкес келмейді, кінәсіздік презумпциясын орындамайды» [50].

«Шетелдік сот практикасы жасырын аудио және бейнежазбаны қылмыс оқиғасынсыз пайдалану конституциялық емес деп танитындығын көрсетеді. Сонымен бірге жеке өмір құқығын бұзу және конституциялық кепілдіктерді бұзу ретінде қарастырады» [5].

Мысалы, «АҚШ Джонсқа қарсы» 2012 жылғы істе АҚШ-тың Жоғарғы Соты күдіктінің көлігіне GPS бақылау құрылғысын негізсіз орнату төртінші түзетудің мағынасы бойынша тінту болып табылады, сондықтан ордер болуы міндетті деп шешті» [51].

Сонымен қатар 2012 жылғы «ACLU Альвареске қарсы» ісінде АҚШ-тың жетінші округтағы апелляциялық соты «Иллинойс тыңдау туралы» заңының «адамның келісімінсіз аудиожазбаларды жазуға тыйым салатын» ережесі қоғамдық орындарда жасалған аудиожазбаларға қатысты конституциялық емес деп таныды» [52].

Еуропалық адам құқықтары соты «Кепке Германияға қарсы» 2008 жылғы істе мемлекеттік қызметкер мен журналист арасындағы кездесудің жасырын жазбасы адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенцияның 8-бабына сәйкес лауазымды адамның жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығын бұзады деп шешті» [53, 106 б.].


«Алайда кәсіби парасаттылыққа жасырын тексерудің ұлттық тетігі үлгіленген жағдайда оған жасырын аудио және бейнебақылау жүргізуді және оның мінез-құлқын одан әрі бағалауды көздейді» [5].

Конституциялық құқықтардың бұзылуын болдырмау мақсатында, заң шығарушы қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде тестілеуден өту мүмкіндігі туралы міндетті түрде жазбаша хабардар етуді көздейді.

Қазақстан Республикасында «бірінші кезекте құқық қорғау органдары мен бақылау-қадағалау органдарының қызметкерлері үшін парасаттылыққа тексеру институтын енгізу туралы ұсыныс 2019 жылғы 20 мамырда Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар туралы» кеңесте айтылды» [5].

«Осыған байланысты құқық қорғау органдарының қызметкерлері болып табылатын мемлекеттік қызметшілерге қатысты парасаттылыққа тексеруді енгізуді ұсынылды» [5].

Парасаттылыққа тексеру тетігінің қазақстандық үлгісін әзірлеу үшін халықаралық сарапшылар тартылды (1-суретті қараңыз). Оны әзірлеу барысында *тәртіптік* және *әкімшілік* болып саналатын екі үлгі нұсқасы әзірленді.



1-сурет. Парасаттылыққа тексеру тетігінің қазақстандық үлгісі

«Үлгілер 2023 жылғы 10 наурызда барлық мүдделі мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен жиналыста ұсынылды. Жиында айтылған ұсыныстар мен мүдделі меморгандардың ұстанымдарын, шетелдік тәжірибені ескеріп, парасаттылыққа тексеру тетігі (integrity check) әзірленді» [5].

«Кәсіби парасаттылыққа тестілеу – кәсіби сатылмауды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мінез-құлықтың этикалық стандарттарына сәйкестігін тексеру, сыбайлас жемқорлыққа әкелетін факторларды анықтау, бағалау және жою үшін жүргізілуі тиіс» [5].

«Тексерулер заңды болуы үшін олар заңдылық, пропорционалдылық және қажеттілік қағидаттарына сәйкес келуі керек» [5] (3-кестені қараңыз). Осы орайда келесі мысалдарды ұсынамыз:

3-кесте. Парасаттылыққа арналған жасырын тестілеу мысалдары.

Парасаттылыққа арналған жасырын тестілеу мысалдары	Еліктелген жағдай	Конституциялық құқықтарды бұзу, арандату, тұрғылықты жерге қол сұғылмаушылық және т.б.
Сыйлық жағдайы	Тексерілушіге курьер арқылы жұмыс орны бойынша (кезекші бөлімде қалдыру) немесе тұрғылықты жері бойынша (тексеруші болмаған кезде үйіне беру) сыйлық жіберіледі	Арандату, жеке өмірге және тұрғын үйге қол сұғылмаушылық құқығын бұзу,

Қылмыстық іс бойынша заңсыз тапсырма	Құрылымдық бөлімшенің басшысы бағынысты тергеушіні, офицерді шақырады және қылмыстық істі тоқтату немесе дәлелдемелерді бұрмалау бойынша сот келешегі бар іс бойынша заңсыз тапсырма береді. Егер тексеруші бұл туралы жоғары тұрған басшыға хабарласа немесе хабарлау үшін қажетті шаралар қабылдаса, тексеруден өтті	Заңсыз әрекеттерді жасауға арандату, таңдау еркіндігі құқығын бұзу
Сыбайлас жемқорлық бойынша кеңес сұрап қоңырау шалу	Жасырын адам тексерілушіге қоңырау шалып, өзін таныстырады. Оған белгілі бір әріптесі оның нөмірін бергенін айтады. Болжам бойынша, бұл адам сыбайлас жемқорлық жағдайына тап болып, ол үшін жауаптылықтан қалай құтылуы туралы кеңес сұрап, кездесуді ұсынады. Егер қызметкер кездесуге келіссе немесе заңсыз кеңестер берсе ол тексеруден өтпеген деп есептеледі. Ал егер бас тартса және бұл туралы жоғары тұрған басшылыққа хабарлау үшін қажетті шараларды қабылдаса, тексеруден өтеді	Ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғау құқығын бұзу, кінәсіздік презумпциясы құқығын бұзу, арандату
Қылмыстық процеске қатысушының ұсынысы	Қылмыстық процеске қатысушы тұлғасындағы жасырын тексеруші (куә, күдікті) тергеушіден оның қатысуымен жоспарланған тергеу әрекетін не процесік шешімді кейінге қалдыруды сұрап, ол үшін қызмет түрін (мөнша, авто	Сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне, оның ішінде «пара» алуға арандату

	<p>жөндеу және т.б.) немесе алғыс (бензин, сыйлық және т.б.) ұсынады.</p> <p>Тексеруші заңсыз әрекетке итермелеу фактісі туралы хабарлау үшін бас тартса немесе қажетті шараларды қабылдаса, тексеруден өтті.</p>	
--	---	--

«Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің парасаттылығына жасырын тексеру бойынша келтірілген кейстерде конституциялық құқықтардың бұзылуы және қылмыс жасауға арандату туындауы мүмкін.

Сондықтан, құқық қорғау органдары қызметкерлерін жасырын тексеру жобасы үшін қолданатын тәжірибе қауіп төндіруі, қолайсыз жағдайларды тудыруы мүмкін» [5]¹.

Нәтижесінде ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғау, тұрғын үйге қол сұғылмаушылық, таңдау еркіндігі, кінәсіздік презумпциясы құқығының бұзылуына әкелуі мүмкін. «Сондықтан жасырын тексерулер жүргізу кезінде заңдылық пен әділеттілік қағидаттарын сақтау теріс пайдаланудың алдын алу және сыбайлас жемқорлық тәжірибелерін ілгерілету үшін маңызды шарт болып табылады.

Сонымен, халықаралық тәжірибені талдау негізінде Integrity Check-ті тиімді енгізу үшін бірнеше негізгі ұсыныстарды бөліп көрсетеміз»².

Біріншіден, «халықаралық тәжірибе, оның ішінде сот тәжірибесі мен ұсынымдар парасаттылықты тексеру кезінде этикалық және құқықтық нормаларды қатаң сақтау қажеттілігін көрсетеді. Қазақстандық тәжірибеде қолданылатын кейстерде арандату және азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзу белгілері бар»³. Осыған байланысты, арандатушылықты болдырмауға және адам құқықтарын сақтауға мүмкіндік беретін тексерулер

¹ Жолдасбаев, Д. Н. Парасаттылықты жасырын тексеру (Integrity Check) сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрал ретінде: халықаралық тәжірибе және енгізу перспективалары / Д. Н. Жолдасбаев, А. Б. Қазбекова // Вестник Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан. – 2024. – №4(34). – С.36-45. – DOI 10.52425/25187252_2024_34_36. – EDN ADOVWU.

² Сол жерде.

³ Сол жерде.

жүргізу үшін ашық заңнамалық негіз әзірлеу маңызды. Азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзуды және арандату болмауы тиіс.

Екіншіден, «Integrity Check енгізетін елдер тексерулерді жергілікті заңнамаға бейімдей отырып, өздерінің құқықтық жүйесінің ерекшеліктерін ескеруі керек. Қазақстандық мысалда көрсетілгендей, тексеру үлгісін енгізу теріс пайдаланудың алдын алу және парасаттылыққа тексерудің ашық және басқарылатын құрылымын құру үшін заңнамалық бекітуді талап етеді»⁴.

Үшіншіден, «парасаттылықты тексеруді бастамас бұрын қызметкерлерді оқыту, тексерушілерді арнайы даярлау және нақты сценарийлерді құру негізсіз тексерулерден аулақ болуға және объективті бағалауға ықпал етеді. Мысалы Молдовада парасаттылыққа тексеруді бастамас бұрын Ұлттық сыбайлас жемқорлыққа қарсы орталық 500-ге жуық тренинг өткізген»⁵.

Төртіншіден, «жасырын тексерулердің оң әсері сыбайлас жемқорлықтың төмендеуіне ғана емес, сондай-ақ қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтуға да әсер етеді.

Сонымен, халықаралық тәжірибені талдау арқылы парасаттылыққа жасырын тексеруді енгізу сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның маңызды элементі болуы мүмкін екенін көрсетеді»⁶. Сәтті іске асырудың мысалдары оның профилактикалық рөлі мен тежегіш әсерін көрсетеді.

2.3. Қазақстан Республикасында адалдыққа тексеруді енгізуге бағытталған шаралар мен оның келешегі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі қазіргі таңдағы қоғамдағы, одан бөлек әлемдегі өзекті мәселелердің бірі екендігін тағыда айта кету керек.

⁴ Жолдасбаев, Д. Н. Парасаттылықты жасырын тексеру (Integrity Check) сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрал ретінде: халықаралық тәжірибе және енгізу перспективалары / Д. Н. Жолдасбаев, А. Б. Қазбекова // Вестник Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан. – 2024. – №4(34). – С.36-45. – DOI 10.52425/25187252_2024_34_36. – EDN ADOVWU.

⁵ Сол жерде.

⁶ Сол жерде.

«Сыбайлас жемқорлық – бұл көбінесе пара немесе заңсыз мәмілелерді қолдана отырып, жеке пайда табу үшін лауазымдық немесе билікті теріс пайдалану болып табылатыны белгілі.

Сонымен қатар экономиканың деформациясына, теңсіздікке, үкіметке сенімсіздікке және әділеттіліктің бұзылуына әкелетін маңызды мәселе. Ол сондай-ақ елдің дамуына кедергі келтіреді, инвесторларды алшақтатады және экономикалық өсуді тежейді» [6].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттің, қоғамның және халықаралық қоғамдастықтың бірлескен күш-жігерін талап етеді.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына жолдауында, «диалог пен келісімге келудің жоғары мәдениеті біздің еліміздегі азаматтық ынтымақтастықты нығайтудың басты факторларының біріне айналады. Сонымен бірге надандық пен архаикаға, радикализм мен тәуелділікке, тұтыну мен сыбайлас жемқорлыққа табынушылыққа үзілді-кесілді қарсы тұру» [54] қажеттігін айтты.

Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті, заң нормаларын сөзсіз сақтауға ұмтылуды, халықтың құқықтық мәдениетін арттыруды көрсететін құндылықтарды сақтауға және нығайтуға негіздейтін бағыт – парасаттылық болып табылады.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы «сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, парасаттылық идеологиясын және сыбайлас жемқорлыққа «мүлдем төзбеушілікті» ілгерілетуді көздеп отыр» [3].

«Австралияда, Молдовада, Румынияда және АҚШ-та сыбайлас жемқорлық фактілерін болғызбау және анықтау үшін парасаттылыққа тексеру табысты түрде пайдаланылуда. Ол тестіленетін адам білмейтін сыбайлас жемқорлық мінез-құлықты анықтау мақсатында модельденген жағдайды білдіреді» [6].

«Парасаттылық – бұл қоғамымызда сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдар үлгісін қалыптастыру болып табылады. Отандық ғалымдар сыбайлас

жемқорлыққа қарсы мәдениетті ілгерілету парасаттылық идеологиясын ілгерілетумен тікелей байланысты екенін көздеп отыр» [55, 82 б.].

Сонымен бірге, «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ілгерілетудің негізгі бағыттарын талдай отырып, олардың парасаттылық идеологиясын ілгерілетуге тікелей қатысы бар екендігі байқалады.

Оған қоса адам өмірінің алғашқы кезеңінен бастап парасаттылық идеологиясын ілгерілету бойынша жұмысты бастау маңызды. Осы бағыттағы мемлекеттік органдардың рөлі шешуші рөлді атқаратыны сөзсіз» [5].

Парасаттылыққа тексеру қоғамның билік органдарына, халықтың құқық қорғау органдары қызметкерлеріне деген сенімін арттыруға бағытталады.

«Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің және оның аумақтық органдарының қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілеріне қатысты, парасаттылыққа тексеру жөніндегі «Integrity Check» пилоттық жобасы 2022 жылы шілде айынан бастап іске асырылуда. 2022 жылы 500-ден астам тексеру іс-шарасы өткізілді» [56].

Қазіргі таңда «Парасаттылыққа (*Integrity check*) тексеру жүргізу туралы» Қазақстан Республикасы заңы жобасы әзірленген.

Жобада мемлекеттік қызметшінің құқықтары мен міндеттері заңнамалық түрде бекітілетін болады:

- аудио-және бейнетіркеу құралдарын қолдану мүмкіндігімен қызметке кірер алдында ақпараттандырылған келісім алудың міндетті рәсімі;
- оның нәтижелері жарияланғаннан кейін оған қатысты жүргізілген тексеруге қатысты ақпарат алу;
- тексеру нәтижелеріне сотқа дейінгі тәртіппен шағымдану.

ҚР қолданыстағы заңнамасында парасаттылыққа тексеру жүргізу тетігі бұрын көзделмеген.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы «қоғамның жеке адамды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғауға кепілдік беруге қабілетті құқықтық тәртіптің қамтамасыз етілуін объективті қажет етуі және

мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді саясаты құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әлеуметтік-құқықтық қорғалуын қамтамасыз етудің маңыздылығын айқындайды» [57].

«Осы мақсатта құқық қорғау органдары қызметкерлерін парасаттылыққа тексеруді жүзеге асыра отырып, екінші жағынан жоғарыда көрсетілгендей олардың құқықтары мен міндеттерін сақтай отырып, әлеуметтік-құқықтық қорғауды да ұмытпағанымыз жөн»⁷.

Парасаттылыққа тексеру жүргізу барысында келесі қағидаттарды міндетті түрде сақтау қажет деп санаймыз:

- заңдылық;
- адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;
- объективтілік;
- тексерілетін адамдарға бейтарап және әділ қарау;
- алынған мәліметтердің құпиялылығы.

Сонымен қатар, осы қағидаттарды қатаң сақтауды қамтамасыз ету туралы норманы мемлекеттік қызметшінің міндеттерінде көздеу қажет деп пайымдаймыз.


Оған қоса зерттеу аясында халықаралық құжаттар мен шетелдік тәжірибеге шолу жасадық.

Яғни, «халықаралық тәжірибеде сыбайлас жемқорлықты анықтау және қудалау мақсатында, бірқатар елдер аталған институтты пайдаланады. Оның көмегімен шенеуніктер әдейі имитацияланған жағдайларға олардың білуінсіз тап болады және егер олардың әрекеттері әдеп нормалары мен лауазымдық рәсімдерге сәйкес келсе, тексеріледі» [5].

«Тест сынақтан өтушіге тесттен өтуіне немесе сәтсіздікке ұшырауына ерікті мүмкіндік береді. Тест сәтсіздігінің салдары ауырлығына байланысты

⁷ Жолдасбаев Д.Н. Адалдыққа тексеруді (integrity check) енгізудің теориялық және практикалық мәселелері // Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика: атты VII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары – Қосшы: Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, 2024. – 547-551 бб.

тәртіптік жазаны, жұмыстан шығаруды немесе қылмыстық қудалауды қамтуы мүмкін» [6].



«БҰҰ-ның Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясына техникалық нұсқауын парасаттылыққа тексерудің «сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға ықпал ететін әдіс ретінде және сыбайлас жемқорлықты тежеуде өзінің тиімділігін дәлелдеді» деп сипаттайды.

ЭЫДҰ-ның «Мемлекеттік сектордағы мүдделер қақтығысын басқару» нұсқауында «Парасаттылыққа тексеруді сыбайлас жемқорлықты анықтаудың қуатты мамандандырылған құралы бола алатындығы» [6] сипатталған.

Одан басқа, Дүниежүзілік Банктің «Прокуратура органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу: парасаттылықты түсіну және басқару» ұсынымдарында сенімділікке тестілеу «сыбайлас жемқорлықты анықтаудың қуатты құралы» деп аталды.

Зерттеуіміз көрсеткендей «кейбір Еуропа елдерінде парасаттылыққа тексеру жүргізу тәжірибесі келесідей: яғни, Ұлыбританияда «барлауға негізделген парасаттылық тесті» деп аталатын бұл құрал Лондон полициясына 1998 жылы енгізілді және іс жүзінде бұл мақсатты сынақ болып табылады. Тестілеу жүргізуге бастамашылық етуге Лондон полициясының ішкі қауіпсіздік бөлімі жауап береді»⁸.

⁸ Жолдасбаев Д.Н. Адалдыққа тексеруді (integrity check) енгізудің теориялық және практикалық мәселелері // Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика: атты VII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

«Екінші жағынан жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, британдық офицерлердің 50%-ы міндетті түрде полиция қызметкері мас күйінде көлік жүргізген әріптесін жасырып жүр деп айтар еді [58].

Осындай зерттеулер нәтижесі полиция қызметкерлерін парасаттылыққа тексеруге негіз бола алады»⁹ деп ойлаймыз.

Парасаттылыққа сынау «Чехия полициясында 1999 жылдан бері жүргізіліп келеді. 2011 жылы Қауіпсіздік күштерінің бас инспекциясы құрылды, ол құрылымдық жағынан арнайы заңмен реттелетін Үкіметтің құрамында болып табылады. Интегрити чекті қолдану рәсімі инспекция басшысының заңға тәуелді актісімен реттеледі. Тест өткізуге сұрау салуды прокурор бекітеді»¹⁰.

Чехияда «парасаттылыққа тестілеу – бұл әкімшілік құрал, мұнда, мысалға, тексеру кезінде ұйымдастырылған жағдайда пара алынса, бұл туралы ақпарат осы лауазымды тұлғаның жоғары лауазымды адамына беріледі және оны қызметтен шеттетуге негіз болады. Ерекше жағдайларда қызмет материалдарын прокурор қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер ретінде пайдалануы мүмкін»¹¹.

2013 жылғы желтоқсанда Молдова Парламенті Мемлекеттік қызметшілердің барлық санаттарына қолданылатын (Институционалдық) кәсіби сатылмаушылыққа тестілеу туралы заңды мақұлдады.

«Мекеменің парасаттылығын бағалаудың бірінші кезеңі қызметкерлердің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау болып табылады. Келесі қадам – күнделікті іс-әрекетте кездесетін жағдайларға ұқсас имитацияланған жағдайлар арқылы, нақты қызметкерлердің кәсіби сатылмайтындығын тексеру. Бағалаудың нәтижесі теріс болған жағдайда

материалдары – Қосшы: Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, 2024. – 547-551 бб.

⁹ Сол жерде.

¹⁰ Сол жерде.

¹¹ Сол жерде.

заңмен тәртіптік жазалар, оның ішінде әкімшілік соттарға шағымдану құқығымен, жұмыстан шығару көзделген»¹².

Румынияда «полиция қызметкерлерінің парасаттылығы 2002 жылдан бастап сәйкестендіру, бағалау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ескерту әдісі арқылы тексеріледі. Тестілеу басқа елдердегідей емес, таңдамалы негізде жүргізіледі. Егер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау туралы нақты тұлғаларға қатысты ақпарат болса, онда тергеудің классикалық әдістері қолданылады» [6].

«Тестілеу қағидаттары заңмен реттеледі, ал рәсімі Ішкі істер министрі бекіткен заңға тәуелді актімен анықталады. Тестілеу полиция қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатыстылығын растауға, сондай-ақ қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауда ұсталу ықтималдығын арттыруға қызмет етеді. Кәсіби сатылмаушылыққа тестілеуді жүргізетін қызметкер жалпы қабылданған ережелерге сәйкес қылмыс жасауға қатыса алмайды. Тестілеу процесін және сынақтан өтушінің іс-әрекетін құжаттандыру мақсатында, қолданыстағы заңнамаға сәйкес құпия аудио және бейнежазбалар пайдаланылуы мүмкін»¹³.

«Тесттен теріс өту нәтижесі туралы ақпарат прокурорға беріледі, ол қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің бар-жоғын анықтауға тиіс. Егер прокурор қылмыстық іс-әрекет белгілерін анықтамаса, тест ақпараты мен материалдары заңды негіздерге сәйкес тәртіптік немесе әкімшілік санкцияларды қолдану үшін тестіленуші тұлғаның бөлімше басшысына беріледі» [6].

Интегрити чек тетігі «АҚШ-тың Нью-Йорк Полиция департаментінде (NYPD) алғаш рет 1970 жылдары енгізілді. Нью-Йорк полициясы іріктеп тестілеу, мақсатты тесттерді қолданады. Алайда, 1996 жылы іріктеп тестілеу нәтижелері шығындарды ақтамайтыны анықталды. Кейіннен Нью-Йорк

¹² Жолдасбаев Д.Н. Адалдыққа тексеруді (integrity check) енгізудің теориялық және практикалық мәселелері // Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика: атты VII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары – Қосшы: Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, 2024. – 547-551 бб.

¹³ Сол жерде.

полициясы қысқартылған режимді сақтағанымен, мақсатты тестілеудің жоғары деңгейіне көшті»¹⁴.

«Интегрити чек Австралияда қылмыстық-процестік заңнамамен реттеледі және Полиция туралы заңда нақтыланады. Интегрити чек қызметкерге 1 жылға дейін немесе одан да көп мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатын қылмыс жасады, жасайды немесе жасай алады деген негізделген күдік болған кезде ғана бекітіледі. Австралияда интегрити чек тек мақсатты тестілеуге қолданылады»¹⁵.

«Парасаттылыққа тексеруге қатысты ақпарат тек тестіленуші субъектіге қатысты тәртіптік іс жүргізу немесе өзге де заңдық іс-әрекеттер жүргізу мақсатында ғана ашық болуы мүмкін және ешбір жағдайда басқа мақсаттар үшін пайдаланылмайды. Егер сынақтан өтуші тексеруден «өтпесе», мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық кодексіне, ішкі тәртіптік рәсімдерге немесе қылмыстық кодекске сәйкес санкциялар көзделген»¹⁶.

Сонымен, «парасаттылыққа тексеруді енгізудің отандық ахуалын және халықаралық тәжірибені қорытындылай келе келесі тұжырымдар жасауға болады:

1. Құқық қорғау органдары қызметкерлерін парасаттылыққа тексеруді жүзеге асыра отырып, олардың әлеуметтік-құқықтық қорғауды қамтамасыз ету қажет.

Оған қоса заңдылық, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, объективтілік, тексерілетін адамдарға бейтарап және әділ қарау, алынған мәліметтердің құпиялылығы сияқты қағидаттарды міндетті түрде сақтау қажет деп санаймыз.

2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру мақсатында, жедел деректерді стратегиялық талдау және тәуекелдерді зерделеу арқылы интегрити чек процесін күшейту қажет;

¹⁴ Сол жерде.

¹⁵ Сол жерде.

¹⁶ Сол жерде.

3. Интегрити чекті тек келіп түскен арыз-шағымдарға сүйену арқылы ғана жүзеге асыру жеткіліксіз болып саналады»¹⁷.

Оған қоса, Қазақстанда парасаттылыққа (адалдыққа) тексеруді жүзеге асырудың келешегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге және мемлекеттік басқару жүйесінде ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл тетік мемлекеттік қызметкерлердің, құқық қорғау органдарының және басқа да жауапты тұлғалардың адалдығын тексеруге мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Қазақстан Республикасындағы адалдыққа тексеруді жүзеге асырудың келесі бағыттарын көрсетуге болады:

- құқықтық негіздерді жетілдіру – парасаттылықты тексеру жүргізудің нақты ережелері мен рәсімдерін заңнамалық деңгейде бекіту;

- халықаралық тәжірибені енгізу – дамыған елдердің үлгілерін бейімдеу, оның ішінде алдын алу және ескерту шараларын қолдану;

- цифрлық технологияларды пайдалану – жасанды интеллект пен деректерді талдау жүйелерін енгізу арқылы тәуекелдерді болжау;

- қоғамдық бақылауды күшейту – азаматтық қоғамның және БАҚ-тың қатысуымен парасаттылық мониторингін ұйымдастыру;

- кадрлық саясатты реформалау – мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде үміткерлердің адалдығын кешенді тексеруді енгізу.

Осы шараларды жүзеге асыру мемлекеттік қызметтің тиімділігі мен тазалығын арттыруға, сондай-ақ қоғамдағы сенімді нығайтуға ықпал етеді.

Оған қоса ықтимал тәуекелдерді 4-кестеден көруге болады:

¹⁷ Жолдасбаев Д.Н. Адалдыққа тексеруді (integrity check) енгізудің теориялық және практикалық мәселелері // Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика: атты VII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары – Қосшы: Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, 2024. – 547-551 бб.


4-кесте. Адалдыққа тексеру институтын енгізу бойынша ықтимал тәуекелдер.

Ықтимал тәуекелдер	Ықтимал тәуекелдердің себептері	Тәуекелдерді басқару жүйесі
<p>Парасаттылыққа тексеру құқық қорғау органдарындағы қызметкерлердің өз ұйымына деген сенімсіздік сезімін тудыруы мүмкін.</p>	<p>Күнделікті іс-әрекетте сыртқы бақылаушының үнемі болу атмосферасы жеке құрам арасындағы моральдық жағдайдың нашарлауына әкелуі мүмкін. Бұл, атап айтқанда, іріктеп тестілеуге қатысты. Мақсатты парасаттылық тестілері субъектінің іс-әрекетінде әдепке жат/заңсыз тәжірибесі болғандықтан, әдетте әділетті болып саналады.</p>	<p>Тәуекелдер мен шағымдарды кешенді талдау, сондай-ақ тәуекелдерді анықтау және тестілеуді өткізу жөніндегі өкілеттіктерді бөлу алдында тұрған нысаналы тестілеуді енгізу басқа кепілдіктермен бірге мұндай әсердің көрінуіне жол бермейді.</p>
<p>Парасаттылыққа тексеруді жүзеге асыруға байланысты қаржылық және адами шығындар пайдадан асып түсуі мүмкін.</p>	<p>Тестілердің аз саны және оларды өткізудегі қателіктердің жоғары деңгейі, бұл олардың жарамсыздығына әкеледі, бұл институттың нәтижелілігіне құнның сәйкес келмеуіне ықпал етуі мүмкін.</p>	<p>Экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету үшін заңнамада көзделген парасаттылыққа тексерудің тиісті және кешенді тетігінің болуы қажет. Ұйымның бастапқы шығындары айтарлықтай болуы мүмкін болса да, ұзақ мерзімді перспективада олар сыбайлас жемқорлықтың және полицияның басқа да заңсыз әрекеттерінің айтарлықтай төмендеуімен өтелуі мүмкін.</p>

Қызметкерлердің құқықтарын арандату және теріс пайдалану мүмкіндігі	Тиісті бақылау болмаған кезде, тестіленуші қызметкерлердің білмеуінсіз күнделікті қызметке қасақана еліктеуді қамтитын парасаттылыққа нысаналы тексеру кейіннен әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе бопсалау мақсатында, адамды қылмыс жасауға итермелеуге әкелуі мүмкін.	Қылмыстық және әкімшілік іс жүргізуде дәлелдемелер ретінде тексеру барысында алынған ақпаратты пайдалануға тыйым салу, тәуекелдерді анықтау және тестілеу жүргізу жөніндегі өкілеттіктерді бөлу, тестілеу нәтижелерін алқалы түрде бағалау, сондай-ақ прокурорлық және сот қадағалауы сияқты теріс пайдалануды болдырмау үшін, тиісті құқықтық кепілдіктер көзделетін болады.
---	--	---

Сонымен қатар, зерттеу барысында жүргізілген сауалнама нәтижесінде, респонденттердің басым көпшілігі 54,2%-ы мемлекеттік қызметшілер үшін адалдыққа тексеруді міндетті түрде жүргізу керек десе, 33,7%-ы қажеттігін айтты (2-суретті қараңыз). Тиісінше 87,9%-ы – бұл рәсімді қолдаушылар қатарына жатады.


Мемлекеттік қызметшілер үшін адалдықты тестілеу қажет деп санайсыз ба?



2-сурет. Мемлекеттік қызметшілер үшін адалдыққа тексерудің қажеттілігі туралы сауалнама мәліметтері.

Тестілеуді қандай мақсатты жүргізу керек деген сауалға 67,7%-ы – қызметке лайықты үміткерді іріктеу кезінде десе, 61,9%-ы – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін, 47,6%-ы – қоғамның мемлекеттік қызметке деген сенімін арттыру, 35,4%-ы – қызметкерлердің мінез-құлқын, моралдық қасиетін бақылау үшін деген пікірлерін білдірді (3-суретті қараңыз). Оған қоса 5,8%-ы – қажет емес деп жауап қайырған.

Тестілеу қандай мақсатта жүргізілуі керек деп ойлайсыз?
(3 жауапқа дейін таңдауға болады)



3-сурет. Мемлекеттік қызметшілерді тестілеу жүргізудің мақсаттылығы туралы сауалнама мәліметтері.

Адалдықты қай кезде тексеру қажет деген сауалға респонденттердің 46%-ы – жүйелі түрде жүзеге асыру керек десе, 39,2%-ы – мемлекеттік қызметке алғаш қабылдаған кезде, сондай-ақ 5%-ы тиісінше, қызмет бойынша жоғарылатқанда және құқық бұзушылық анықталған кезде деп жауап берген. (4-суретті қараңыз). Ал қалған 5%-ы – қажет емес деп жауап беріп отыр.

Адалдықты қашан тексеру қажет деп ойлайсыз?

 Копировать диаграмм


189 ответов



4-сурет. Мемлекеттік қызметшілерді қай кезде тексеру туралы сауалнама мәліметтері.

Тексерудің түрлері бойынша алынған сауалға 70,9%-ы – психологиялық тестілеу десе, 45,5%-ы – сенімділікті тексеру, 33,3%-ы – тәуелсіз сарапшылармен әңгімелесу, 21,7%-ы – салық туралы декларациялары мен өмір салтын мониторингілеу, 20,6%-ы – жасанды жағдайлар арқылы тексеруге болатыны туралы пікірлер білдірген (5-суретті қараңыз).

Қандай тексеру түрлерін орынды деп санайсыз? (бірнеше жауап таңдауға болады)




5-сурет. Тексеру түрлері туралы сауалнама мәліметтері.

Тексеруді кім жүргізеді деген сауалға 37,6-ы – тәуелсіз комиссия десе, 22,8%-ы – бірнеше орган бірігіп, 21,7%-ы – мемлекеттік органның өзі, 11,6%-ы

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, ал 6,3%-ы – жауап беруден бас тартқан (6-суретті қараңыз).


Тексеруді кім жүргізуі керек деп ойлайсыз?



6-сурет. Тексеруді жүргізушілер туралы сауалнама мәліметтері.

Тексеру нәтижелерінің мемлекеттік қызметкер мансабына әсер етуі жөніндегі мәселеге респонденттердің 42,3%-ы – «ия, міндетті түрде» әсер ететінін айтса, 27,5%-ы – тек заң бұзушылық анықталса, 22,2%-ы – «жоқ, құпия қалуы тиіс», ал 7,9%-ы – жауап беруге қысылған (7-суретті қараңыз).

Нәтижелер мемлекеттік қызметкердің мансабына әсер ете пе?




7-сурет. Тексеруді жүргізушілер туралы сауалнама мәліметтері

Тексеру барысында алалаушылық не оны асыра пайдалану қаупінің деңгейін білу кезінде, респонденттердің 32,3%-ы – «орташа» қауіп бар десе, 27,5%-ы – «жоғары», 24,3%-ы – «бағалай алмаған», 8,5%-ы – алалаушылық

«жоқ» деп жауап берген. Ал 7,4%-ы – алалаушылық деңгейінің «төмен» екенін көрсетті (8-суретті қараңыз).

Бұлай тексеруде алалаушылық немесе асыра пайдаланудың қаупі қандай?



8-сурет. Тексеруді жүргізушілер туралы сауалнама мәліметтері

Жүргізілген сауалнама нәтижелері Қазақстан қоғамының бұл бастаманы қолдайтынын және оның практикалық қажеттілігін түсінетінін көрсетті.

Атап айтқанда респонденттердің 87,9%-ы адалдыққа тексеруді қолдайтынын білдірсе, 67,7%-ы тексеруді мемлекеттік қызметке іріктеу кезінде жүргізу керек деп санайды. Ал 61,9%-ы оны сыбайлас жемқорлықтың алдын алу құралы ретінде көреді. Бұл қоғамда мемлекеттік қызметке деген сенімді арттыру, лауазым иелерінің моралдық бейнесін нығайту мен адал кадрлар корпусын қалыптастыру қажеттігін көрсетеді.

Сонымен қатар респонденттер адалдықты тексеру түрлерінің ішінде психологиялық тестілеуді (70,9%) ең тиімді құрал ретінде танып отыр. Оған қоса сенімділікке тексеру, сыртқы сарапшылармен сұхбат, өмір салты мен декларацияны бақылау сияқты құралдар да маңызды саналады.

Тексеруді жүргізетін орган ретінде халықтың 37,6%-ы – тәуелсіз комиссия құруды жөн деп тапты. Бұл адалдықты тексеру кезінде бейтараптық пен әділдікті қамтамасыз етуге деген қоғамдық сұранысты білдіреді.

Алайда, алалаушылық пен асыра пайдалануға қатысты қауіп бар екендігі де байқалды: респонденттердің 59,8%-ы бұл қауіптің «орташа» немесе «жоғары» деңгейде екенін айтқан. Бұл – integrity check жүйесін енгізу барысында әділеттілік пен заңдылықты қамтамасыз етудің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Қорытындылай келе, integrity check институтының әлемде және ұлттық қоғамның қолдауы бар екенін дәлелдеді. Бұл жүйе – тек алдын алу тетігі ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік қызмет сапасын арттыруға бағытталған стратегиялық құрал ретінде танылып отыр. Қазақстан үшін бұл институтты заңды түрде рәсімдеп, оның әділетті, тиімді және транспарентті механизмін қалыптастыру – болашақтағы басқару реформаларының маңызды бағыты болуы тиіс.

Қорытынды

Осы зерттеудің нәтижесінде адалдықты тексеру институтының (*integrity check*) тарихи эволюциясы мен қазіргі заманғы құқықтық және институционалдық көріністері кешенді түрде қарастырылды. Зерттеу әртүрлі тарихи кезеңдер мен мемлекеттердің әкімшілік жүйелерінде бұл институттың қалыптасуы мен дамуының айрықша белгілерін айқындауға мүмкіндік берді.

Біріншіден, адалдық пен моральдық жауапкершілік қағидаттарын мемлекеттік басқаруда қолдану идеясының ежелгі философиялық және құқықтық негіздері бар екені анықталды. Ежелгі Грекия мен Римдегі азаматтық мораль нормалары мен құқықтық құрылымдар (мысалы, *bona fides* қағидасы мен *fidem habere* тұжырымдамасы) *integrity check* ұғымының алғышарттарын қалыптастырды.

Екіншіден, Қытайдағы Кэцзю жүйесі шенеуніктерді іріктеуде меритократиялық және этикалық талаптарды ұштастырған алғашқы институционалдық мысал ретінде талданды. Бұл тәжірибе білім мен моральды қатар бағалау моделін ұсынды және қазіргі заманғы Шығыс Азия елдеріндегі кадрлық саясатқа елеулі әсер етті.

Үшіншіден, дәстүрлі қазақ қоғамында ресми институционалдық рәсімдер болмағанымен, биліктің адалдығына қоғамдық бақылау жүйесінің элементтері қалыптасқан. Қазақ хандығындағы құқықтық нормалар («Жеті жарғы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы») мен билер институты билік иелерінің моральдық бейнесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Төртіншіден, XIX–XX ғасырларда бірқатар елдерде *integrity check* элементтері мемлекеттік қызмет жүйесіне ресми түрде енгізіліп, құқықтық және институционалдық тетіктер арқылы нығайтылды. Ұлыбритания мен АҚШ-тағы реформалар нәтижесінде адалдықты бағалау мен мүдделер қақтығысын болдырмау тетіктері жүйеленіп, заңнамалық деңгейде бекітілді. Сингапурдағы тәжірибе алдын алу, қадағалау және санкциялау механизмдерін біріктіре

отырып, бұл институттың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі тиімділігін дәлелдеді.

Зерттеу барысында integrity check институтының халықаралық-құқықтық негіздері де талданды. БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы, Еуропа Кеңесінің құжаттары, ФАТФ ұсынымдары, INTOSAI және EUROSAI стандарттары, ЭЫДҰ ұсынымдары аталмыш тетіктің қажеттілігін және оның жүзеге асырылуының негізгі принциптерін айқындайды. Бұл актілер адалдықты тексерудің құқықтық, этикалық және институционалдық элементтерін кешенді түрде іске асыру қажеттілігін көрсетеді.

Халықаралық стандарттар integrity check тетігінің негізгі компоненттерін нақтылайды:

- мемлекеттік қызметке кандидаттарды іріктеуде этикалық және құқықтық талаптарды ескеру;

- мүдделер қақтығысы мен кіріс көздерін бақылау арқылы қызмет барысындағы мінез-құлықты тұрақты түрде бағалау;

- мінез-құлық кодекстері, ішкі аудит және комплаенс рәсімдері сияқты институционалдық бақылау құралдарын енгізу;

- халықаралық стандарттармен үйлесімді ұлттық модельдер әзірлеу.

Зерттеу нәтижелері integrity check институтының халықаралық деңгейде кеңінен мойындалғанын және сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы, сондай-ақ мемлекеттік басқару сапасын арттырудағы тиімді құрал екендігін дәлелдеді. Сонымен қатар, Қазақстан жағдайында осы тетікті енгізуде бірқатар елеулі аспектілерге назар аудару қажет.

Біріншіден, бұл институтты іске асыру кезінде құқықтық негіздердің ашықтығы мен азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау негізгі талап ретінде қарастырылуы тиіс. Қазақстандық тәжірибеде integrity check рәсімдерін қолдану барысында құқық бұзушылықтар мен арандату жағдайлары орын алуы мүмкін екені байқалады. Сондықтан заңнамалық деңгейде нақты әрі әділ шектеулер мен рәсімдерді бекіту қажет.

Екіншіден, халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, парасаттылықты тексеру ұлттық құқықтық жүйеге бейімделіп, ұлттық ерекшеліктер мен мәдени контекстті ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Үшіншіден, тексеру тетіктерін тиімді қолдану үшін кадрларды даярлау, стандартталған сценарийлерді әзірлеу және қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілуі қажет. Молдова мысалында көрсетілгендей, алдын ала дайындық — теріс әсерлердің алдын алудың маңызды шарты.

Төртіншіден, жасырын парасаттылық тексерулерінің нәтижелері тек сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетіп қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттік органдарға деген қоғамдық сенімді нығайтуға ықпал етеді.

Жалпылап айтқанда, integrity check институты — бұл құқықтық құрал ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік басқарудың сапасын арттыруға, қоғамда адалдық мәдениетін орнықтыруға бағытталған кешенді стратегияның ажырамас бөлігі. Қазақстан үшін бұл институтты жүйелі, құқықтық тұрғыдан рәсімдеп, әділ әрі транспарентті тетік ретінде дамыту — басқару реформаларының басым бағыттарының бірі болуы тиіс.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Westmarland, L., & Conway, S. (2020). Police ethics and integrity: Keeping the 'blue code' of silence. *International Journal of Police Science & Management*, 22(4), 378-392. <https://doi.org/10.1177/1461355720947762>.

2. Singh D. The Causes of Police Corruption and Working towards Prevention in Conflict-Stricken States. *Laws*. 2022; 11(5):69. <https://doi.org/10.3390/laws11050069>.

3. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000802> (жүгінген күні: 10.10.2024).

4. Қазақстанда мемлекеттік қызметкерлердің парасаттылығы тексерілмек. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://kaz.zakon.kz/qaqiq/6025815-azastanda-memlekettk-yzmetkerlerd-parasattylyu-tekserlmek.html> (жүгінген күні: 10.10.2024).

5. Жолдасбаев, Д. Н. Парасаттылықты жасырын тексеру (Integrity Check) сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрал ретінде: халықаралық тәжірибе және енгізу перспективалары / Д. Н. Жолдасбаев, А. Б. Қазбекова // Вестник Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан. – 2024. – №4(34). – С.36-45. – DOI 10.52425/25187252_2024_34_36. – EDN ADOVWU.

6. Жолдасбаев Д.Н. Адалдыққа тексеруді (integrity check) енгізудің теориялық және практикалық мәселелері // Қазіргі заң ғылымының дамуы: теория және практика: атты VII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары – Қосшы: Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, 2024. – 547-551 бб.

7. Угурчиева Х. О. К вопросу о нравственности в римском праве // Russian Journal of Economics and Law. 2011. №2 (18). – С.158-162.
8. Imperial examination / From Wikipedia, the free encyclopedia. [Electronic resource] – Access mode: https://en.wikipedia.org/wiki/Imperial_examination. (Access data: 10.10.2024).
9. Шогенова Л.А. Система государственных экзаменов для чиновников «Кэцзюй» в императорском Китае // Манускрипт. 2020. №8. – С.170-174.
10. Артықбаев Ж.О. «Жеті жарғы» – мемлекет және құқық ескерткіші (зерттелуі, деректер, тарихы, мәтіні) – Алматы: Жеті жарғы, 2012. – 192 б.
11. Абдрахманова С.А. Особенности формирования и развития казахского права «жеті жарғы» // In The World Of Science and Education. 2024. №15. – С.19-21.
12. Зинуров Р.Н. «Жети жаргы» («Семь установлений») Тауке-хана как великий памятник права: правовой обычай, судопроизводство и наказание // Проблемы востоковедения. 2012. №4 (58). – С.32-37.
13. Чекарева А.В. Представления о меритократии // Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки. 2014. №8. – С.1-5.
14. Стефенсон Р. Реформа государственной службы – Великобритании // Государственное управление. Электронный вестник. 2003. №2. – С.1-4.
15. Саликов Д.Х. Государственная служба США: история становления и современность // Общество, экономика, управление. 2017. №1. – С.134-141.
16. Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы №31 Заңы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000031_ (жүгінген күні: 10.10.2024).
17. Конвенция об уголовной ответственности за коррупцию: Страсбург, 27 января 1999 года [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://rm.coe.int/168007f58c> (жүгінген күні: 10.10.2024).

18. Конвенция о гражданско-правовой ответственности за коррупцию: Страсбург, 4 ноября 1999 года [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://rm.coe.int/168007f58d> (жүгінген күні: 10.10.2024).

19. Рекомендации ФАТФ: Международные стандарты по противодействию отмыванию денег, финансированию терроризма и финансированию распространения оружия массового уничтожения / Пер. с англ. – М.: МУМЦФМ, 2012. – 191 с.

20. Are you a Reporting Institution? Customer Due Diligence. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://amlcft.bnm.gov.my/are-you-a-reporting-institution>. (жүгінген күні: 10.10.2024).

21. Модельный закон о борьбе с коррупцией. Принят на тринадцатом пленарном заседании Межпарламентской Ассамблеи государств-участников СНГ (постановление №13-4 от 3 апреля 1999 года). [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30076499&pos=6;-108#pos=6;-108. (жүгінген күні: 10.10.2024).

22. ISSAI 30: Этический кодекс ИНТОСАИ. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.eurosai.org/handle404?exporturi=/export/sites/eurosai/.content/documents/others/ISSAI/ISSAI-30-Ruso.pdf>. (жүгінген күні: 11.10.2024).

23. Международная организация высших органов аудита INTOSAI. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.intosai.org/ru/o-nas.html>. (жүгінген күні: 11.10.2024).

24. Европейская организация высших органов финансового контроля (EUROSAI). [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.eurosai.org/ru/about-us/about-eurosai/>. (жүгінген күні: 11.10.2024).

25. Anti-corruption and integrity. Organisation for Economic Co-operation and Development. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.oecd.org/en/publications/reports.html?orderBy=mostRelevant&page=0&facetTags=oced-policy-issues%3Aрi64> (жүгінген күні: 11.10.2024).

26. Positive Peace Report 2024 [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.economicsandpeace.org/wp-content/uploads/2024/04/PPR-2024-web.pdf> (жүгінген күні: 10.10.2024).

27. Corruption Perceptions Index [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.transparency.org/en/cpi/2023/index/kaz> (жүгінген күні: 10.10.2024).

28. Глава государства Касым-Жомарт Токаев провел совещание по вопросам противодействия коррупции от 19 августа 2020 года [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/meetings_and_sittings/glava-gosudarstva-provel-soveshchanie-po-voprosam-protivodeistviya-korruptsii (жүгінген күні: 10.10.2024).

29. Б.Ж. Айтимов, Е.Ш. Дусипов, Д.Н. Бекежанов Правовые инструменты внедрения добропорядочности / Вестник Карагандинского университета, серия «Право». №1(105), 2022. – С.111-119.

30. Мхитарян Л.Ю. Понятие добропорядочности: от морально-нравственного качества к принципу права // Гуманитарные и политико-правовые исследования. 2019. №2 (5). – С.44-52.

31. Тинистановна С.С. Роль идеологии добропорядочности в формировании антикоррупционной правовой культуры // Актуальные проблемы науки и образования: материалы Международного форума. – Екатеринбург: Уральский государственный педагогический университет, 2023. – С.537-544.

32. Tim Prenzler & Carol Ronken (2001) Models of police oversight: A critique, Policing and Society: An International Journal, 11:2, 151-180, DOI:10.1080/10439463.2001.9964860

33. Нас Р. Integrity Testing in Poland – Issues, Experience and Practical Comments. Internal Security. (2016); 8 (2): 67-84. DOI:10.5604/01.3001.0010.2271.

34. Integrity testing: Too effective for corrupt countries? [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://uncaccoalition.org/integrity-testing-too-effective-for-corrupt-countries/> (жүгінген күні: 10.10.2024).

35. Fifth evaluation round. Preventing corruption and promoting integrity in central governments (top executive functions) and law enforcement agencies // Evaluation report. Hungary [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://rm.coe.int/fifth-evaluation-round-preventing-corruption-and-promoting-integrity-i/1680ab87f5> (жүгінген күні: 10.10.2024).

36. International conference organised by the National Protective Service [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://corruptionprevention.gov.hu/international-conference-organised-by-the-national-protective-service> (жүгінген күні: 10.10.2024).

37. Садинов Т. Тестирование на добропорядочность: сб. науч. ст. по материалам междунар. круглого стола «Актуальные вопросы противодействия коррупции» / Т. Садинов. – Косшы: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2024. – С.48-110.

38. Constant Vigilance Vital To The Fight Against Corruption [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.cpiib.gov.sg/about-corruption/case-studies/stories-of-integrity/> (жүгінген күні: 10.10.2024).

39. Crime Statistics [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.npa.go.eg/publications/statistics/index.html> (жүгінген күні: 10.10.2024).

40. Newburn, T. Understanding and preventing police corruption: lessons from the literature / T. Newburn. – Police Research Series Paper 110. – London: Home Office, 1999. – 65 p.

41. Wilson, A.M. The role of mystery shopping in the measurement of service performance [Electronic resource] / A.M. Wilson // *Managing Service Quality: An International Journal*. – 1998. – № 6 (8). – Pp. 414-420. – Access mode: <https://doi.org/10.1108/09604529810235123> (Access data: 23.12.2024).

42. Marx, G.T. Undercover: Police Surveillance in America / G.T. Marx. – Berkeley; Los Angeles; London: University of California Press, 1988. – 368 p.

43. Calvey, D. Covert Research: The Art, Politics and Ethics of Undercover Fieldwork / D. Calvey // SAGE Publications Ltd. – 2017.

44. Алмагамбетов, А. Проблемы предотвращения коррупции в государственной службе Казахстана и роль тайной проверки на добропорядочность / А. Алмагамбетов // Вестник Каспийского университета права и общественных наук. – 2020. – № 2. – С. 34-50.

45. Капсалямова, З. Меры по повышению прозрачности и добропорядочности в деятельности госорганов Казахстана / З. Капсалямова // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2018. – № 3. – С. 88-96.

46. Мадумаров, Б.К. Тайная проверка на добропорядочность: правовые аспекты и эффективность применения в Казахстане / Б.К. Мадумаров // Юридический журнал Казахстана. – 2019. – № 3. – С. 45-58.

47. Садыков, Е.Н. Проблемы этичности скрытых проверок государственных служащих: сравнительный анализ международной и казахстанской практики / Е.Н. Садыков // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2021. – № 2. – С. 98-110.

48. A.M. Sampei. Allen. Integrity testing. – 13 p. [Electronic resource] – Access mode: <https://rm.coe.int/CoERMPublicCommonSearchServices/DisplayDCTMContent?documentId=09000016806eef2b> (Access data: 10.10.2024).

49. Европейская конвенция по правам человека [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.coe.int/ru/web/compass/the-european-convention-on-human-rights-and-its-protocols> (жүгінген күні: 10.10.2024).

50. В. Суружиу. Как НЦБК тестирует на профессиональную неподкупность [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://noi.md/ru/news_id/210046 (дата обращения: 10.10.2024).

51. United States v. Oones [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.oyez.org/cases/2011/10-1259> (жүгінген күні: 10.10.2024).

52. Мониторинг свободы мирных собраний в некоторых государствах-участниках ОБСЕ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.osce.org/files/f/documents/3/b/97056.pdf> (жүгінген күні: 10.10.2024).

53. Боднар Адам. Res interpretata: юридическая сила постановлений Европейского суда по правам человека для государств, не являющихся сторонами в деле // Сравнительное Конституционное Обозрение. 2011. №3. – С.82-114.

54. Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_1

55. Игисинова Э.К., Давлетбаева Ж.Ж. Формирование антикоррупционной культуры путем продвижения идеологии добропорядочности // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. 2022. №1 (68). – С.76-83.

56. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2022 жылғы ұлттық баяндама.

<https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption/documents/details/494573?lang=kk>

57. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674>

58. Westmarland, L., & Conway, S. (2020). Police ethics and integrity: Keeping the 'blue code' of silence. International Journal of Police Science & Management, 22(4), 378-392.

«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару
жүйесі комитеті
Тәрбие және кадр жұмысы
басқармасының бастығы
әділет полковнигі
 А.Ш.Әубәкірова
«07» 02 2025ж.


**Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы магистрантының
диссертациялық зерттеу нәтижелерін енгізу туралы
АКТ**

Комиссия келесі құрамда:

Төраға– Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Тәрбие және кадр жұмысы басқармасының бастығы әділет полковнигі А.Ш.Әубәкірова

Комиссия мүшелері – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Тәрбие және кадр жұмысы басқармасының аға инспекторы әділет майоры А.Қ. Ержанова

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының магистранты Данияр Нұрлыбекұлы Жолдасбаевтың «Адалдыққа тексеруді (Integrity check) енгізудің теориялық және практикалық мәселелері» тақырыбында диссертациялық зерттеу нәтижелерін қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің практикалық қызметіне енгізу туралы осы актіні жасадық.

1. Магистранттың диссертациялық зерттеуін енгізудің қысқаша аннотациясы. 2-бөлім шеңберінде диссертациялық зерттеуде қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қызметінде адалдыққа тексеруді (Integrity check) енгізу аясында парасаттылық мінез-құлықтарын күшейту қажет. Бұл тұрғыда негізгі мәселелердің бірі қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық сипатындағы іс-әрекеттерін алдын-алу, жолын кесудегі бағыттарға іс-шараларды кешенді түрде ұйымдастырылуы қажет. Бұндай іс-шаралардың орын алмау салдарынан сыбайлас жемқорлық дертінің жоғарылауына әкелуі мүмкін.


2. Магистранттың диссертациялық зерттеуін енгізу нысаны. Зерттеу материалдары қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қызметін жетілдіру бойынша адалдыққа тексеруді (Integrity check) енгізудің теориялық және практикалық мәселелері жөнінде ұсыныстар түрінде енгізілді.

3. Магистранттың диссертациялық зерттеуін енгізудің тиімділігі.

Адалдыққа тексерудің (Integrity check) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қызметін жетілдіруге ықпал етуі.

4. Магистранттың диссертациялық зерттеуін енгізу күні: 2025 жылғы 27 ақпан.

Төраға:



А.Ш.Әубәкірова

Комиссия мүшелері:



А.Қ.Ержанова

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасы
 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
 іс-қимыл агенттігі Превенция қызметі
 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін
 талдау басқармасының бастығы
 Н. Самет
 2025 жылғы « » сәуір

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
 Құқық қорғау органдары академиясы магистрантының
 диссертациялық зерттеу нәтижелерін енгізу актісі**

Комиссия келесі құрамда:

Төраға – Басқарманың аса маңызды істер жөніндегі офицері
 Е.А. Омаров
 Комиссия мүшелері – 1. Басқарманың аса маңызды істер жөніндегі офицері
 А.Д. Муртазина
 2. Басқарманың аса маңызды істер жөніндегі офицері
 А.Қ. Шубаев

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының магистранты Данияр Нұрлыбекұлы Жолдасбаевтың «Адалдыққа тексеруді (Integrity check) енгізудің теориялық және практикалық мәселелері» тақырыбы бойынша диссертациялық зерттеу материалдары Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Превенция қызметінің Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау басқармасының қызметінің практикалық қызметіне енгізілгені туралы осы актіні жасады.

1. Магистранттың диссертациялық зерттеуін енгізудің қысқаша аннотациясы. Құқық қорғау қызметкерінің, жалпы мемлекеттік қызметшінің заңсыз қызметінің басқа түрлері мемлекеттік аппараттың тиісті жұмыс істеуіне нұқсан келтіретіні анық.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың өз мақсатына жетпеуін бірнеше факторлармен түсіндіруге болады:

- қызметкерлердің әріптестерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттері туралы хабарлағысы келмеуі;
- басшылықтың өз ведомстволарында сыбайлас жемқорлықтың бар екенін мойындағысы келмеуі;
- жауаптылыққа тартылатын тараптар үшін сыбайлас жемқорлық мәмілесінің пайдасы;
- сыбайлас жемқорлықтың тікелей құрбандарының болмауы;
- сыбайлас жемқорлық көрінісі туралы хабарламау және т.б.

Осы орайда мемлекеттік қызметкерді парасаттылыққа не адалдыққа тексеру (Integrity check) тетігін зерделей отырып, келесі ғылыми негізделген тұжырымдар практикалық қызметке енгізілді:

- құқық қорғау органдары қызметкерлерін парасаттылыққа тексеруден бұрын олардың әлеуметтік-құқықтық қорғауды қамтамасыз етуі қажет;

- заңдылық, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, объективтілік, тексерілетін адамдарға бейтарап және әділ қарау, алынған мәліметтердің құпиялылығы сияқты қағидаттарды міндетті түрде керек;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру мақсатында, жедел деректерді стратегиялық талдау және тәуекелдерді зерделеу арқылы интегрити чек процесін күшейту қажет;

2. Магистранттың диссертациялық зерттеуін енгізу нысаны. Зерттеу материалдары Превенция қызметінде тиісті практикалық ұсынымдар жасауға бағытталған және осы саладағы қызметті жетілдіруді көздейтін ұсыныстар арқылы енгізілді.

3. Магистранттың диссертациялық зерттеуін енгізудің тиімділігі.

Адалдыққа тексерудің (Integrity check) теориялық және практикалық аспектілері осы саладағы нормашығармашылық, практикалық жұмыстар үшін тиісті қызметті жетілдіруге, сонымен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет ұсынатын шараларды жүзеге асыруға ықпал етеді.


4. Магистранттың диссертациялық зерттеуін енгізу күні: 25.04.2025ж. (2-тарауының 2.2 бөлігі).

Төраға:



Е.А. Омаров
«25» 04 2025ж.

Комиссия мүшелері:



А.Д. Муртазина
«__» ____ 2025ж.



А.Қ. Шубаев
«__» ____ 2025ж.

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы
Жоғары оқу орынынан кейінгі білім институты**

Құрметті сауал алушы!

Академия қойып отырған сұрақтар Қазақстанда мемлекеттік қызметшілер арасында парасаттылыққа тестілеуді енгізу мәселесі бойынша пікір жинауға арналған.

Сауалнама анонимді, зерттеу қорытындысы магистрлік диссертациялық жұмысты жазу үшін қолданылатын ұсынымдарды дайындауда қолданылады.

Салау алу парағының сұрақтарына жауап беруде ұсынылған жауаптың біреуін белгілеу керек, ал керек болғанда өз жауабыңызды жазу керек.

1. Мемлекеттік қызметшілер үшін адалдықты тестілеу қажет деп санайсыз ба?

- А) Міндетті түрде қажет
- Б) Әрине қажет
- В) Қажет емес деп ойлаймын
- Г) Мүлде қажет емес
- Д) Жауап беруге қиналамын

2. Тестілеу қандай мақсатта жүргізілуі керек деп ойлайсыз?
(3 жауапқа дейін таңдауға болады)

- А) Лайықты үміткерлерді іріктеу
- Б) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу
- В) Қоғам сенімін арттыру
- Г) Қызметкерлердің мінез-құлқын бақылау
- Д) Қажетті емес деп есептеймін

3. Адалдықты қашан тексеру қажет деп ойлайсыз?

- А) Мемлекеттік қызметке қабылдағанда
- Б) Қызмет бойынша жоғарылатқанда
- В) Жүйелі түрде (әр 2–3 жыл сайын)
- Г) Құқық бұзушылық анықталған кезде
- Д) Қажет емес

4. Қандай тексеру түрлерін орынды деп санайсыз?
(бірнеше жауап таңдауға болады)
- А) Психологиялық тестілеу
 - Б) Сенімділікті тексеру
 - В) Декларациялар мен өмір салтын талдау
 - Г) Жасанды жағдайлар арқылы тексеру
 - Д) Тәуелсіз сарапшылармен әңгімелесу
5. Тексеруді кім жүргізуі керек деп ойлайсыз?
- А) Мемлекеттік органның өзі
 - Б) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі
 - В) Тәуелсіз комиссия
 - Г) Бірнеше орган бірігіп
 - Д) Жауап беруге қиналамын
6. Нәтижелер мемлекеттік қызметкердің мансабына әсер ете пе?
- А) Иә, міндетті түрде
 - Б) Тек заң бұзушылық анықталса
 - В) Жоқ, құпия қалуы тиіс
 - Г) Жауап беруге қиналамын
7. Бұлай тексеруде алалаушылық немесе асыра пайдаланудың қаупі қандай?
- А) Жоғары
 - Б) Орташа
 - В) Төмен
 - Г) Жоқ
 - Д) Бағалай алмаймын